



ҚҰМАР ОЙЫҢҒА ТӘУЕЛДІЛІК – ҮЛКЕН ҚАСІРЕТ

Лудоманияға қарсы күресте тәрбие ісі мен түсіндіру жұмыстарына ерекше мән берілуге тиіс

2



ОРТАҚ КЕЛІСІМ

Алматы қаласының әкімі Қытайдың Шаньдун провинциясы коммунистік партиясының хатшысымен кездесті

4



АҚИҚАТТАН АЙНЫМАҒАН ҰЛТ ҰСТАЗЫ

10

БАТЫС ПЕН ӘЛЕМ ТЕКЕТІРЕСІ

МӘСКЕУ МЕН БЕЙЖІҢГЕ ҚАНДАЙ ПАЙДА ӘКЕЛМЕК?

Қазір әлемде күрделі геосаяси жағдай қалыптасқан. Әскери қақтығыстар мен экономикалық санкция елесі кезіп жүр. Мұндай жағдайда әр мемлекет өз ұлттық мүддесіне сай әрекет етуде. Мәскеу мен Бейжің көпжылдық әлем жайлы жиі айта бастады. Бұл әлемде бір не екі алып держава болмайды дегені. Бір қарағанға ниеттері дұрыс сияқты. Алайда, мәселенің байыбына бармай жатып, жақсылыққа жорымаған абзал.

МӘСКЕУДІҢ ЖОЛЫ

Батыс пен өзге әлем текетіресі бәзбіреулерге тиімді. Олардың кім екенін білу үшін алысқа барудың қажеті жоқ. Соңғы уақыттағы Мәскеу мен Бейжіңнің саяси мәлімдемелерінде әлемді Батыс өркесі



ниетіне қарсы қайрайтын сөздер жиі айтылуда. Алайда, екеуі екі түрлі жолмен өз ниетін жеткізуде.

Ресей ашық түрде Батыс әлемін айыптап келеді. Сөзімен ғана емес, ісімен де ашық текетіреске түсті. Мұндай бетбұрыс қашан болды деген сұрақ туындауы

мүмкін. Ол Владимир Путин билікке келгеннен бастау алды. Оған дейін жағдай басқа болатын. 1991 жылы КСРО ыдырады. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін әлемде орнаған екі полюсті тәртіп келмесе кетті. Он жылдай әлемде АҚШ үстемдігі орнады.

3

Almaty AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №105 (6398) 5 қыркүйек, сейсенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

КӨНЕ ТҮРКІ РУХЫ ЖАҢҒЫРҒАН КҮН

Алатау бөктерінде «Ұлы дала – көшпенділер әлемі» этнофестивалі өтті



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Өткен демалыс күндері «Боралдай сақ қорғандарында» ат тұяғының дүбірімен бірге Көк түріктің рухы қатар жаңғырды. Дүние жүзіндегі көшпелі халықтың басын қосқан этномәдени іс-шарада 10 мемлекеттің көне дәстүр сақтаушылары өнер көрсетті. Тек көшпелілерге тән мәдениет пен ұлы даланың өшпес тарихына біз де куә болып қайттық.

Қала күніне орай бесінші рет ұйымдастырылған фестивальге Алматы қаласы әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев, ТҮРКСОЙ ұйымының жанынан құрылған Түркі дүниесі Жазушылар одағының төрағасы Ұлықбек Есдәулет, т.б. қонақтар қатысты.

6-7

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

5.09.2023

Түнде:



+10+12 °C

Көшпелі бұлтты,
кей уақытта жаңбыр.

Күндіз:



+19+21 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
3-8, екпіні 13 м/с

6.09.2023

Түнде:



+11+23 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+21+23 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
3-8, кей уақытта екпіні 13 м/с

www.almaty-akshamy.kz





● ПРЕЗИДЕНТ

ҚҰМАР ОЙЫНҒА ТӘУЕЛДІЛІК – ҮЛКЕН ҚАСІРЕТ

Лудоманияға қарсы күресте тәрбие ісі мен түсіндіру жұмыстарына
ерекше мән берілуге тиіс

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Қауіпсіздік Кеңесінің отырысы өтті. Жиында халық арасындағы құмар ойынға тәуелділік мәселелері қарастырылды.

– Соңғы жылдары елімізде құмар ойынға тәуелділік белең алып барады. Кейбір отбасылар үшін бұл үлкен қасіретке айналды, – деді Президент.

Мемлекет басшысы осы жаман әдетке, әсіресе, жастар әуес екеніне назар аударып, мемлекеттік органдарға азаматтардың жекелеген санаттары үшін құмар ойындарға қатысты шектеулерді күшейтуді тапсырды.

– Лудоманияға қарсы күресте тәрбие ісі мен түсіндіру жұмыстарына ерекше мән берілуге тиіс, – деді Президент. Осыған байланысты Мемлекет басшысы салалық министрліктерге нақты міндеттер жүктеді.

Сонымен қатар, Қасым-Жомарт Тоқаев құмар ойынға тәуелді азаматтардың қатысы бар қылмыстар көбейгеніне құқық қорғау органдарының назарын аударып, алдын алу жұмыстарын жүргізіп, заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету үшін шаралар қабылдау жөнінде тапсырма берді.

Президент елімізде лудоманияның белең алуына қарсы бағытталған әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруда қоғамның, дін қызметкерлерінің және бұқаралық ақпарат құралдарының атқаратын рөлі ерекше екенін атап өтті.



Сондай-ақ, Мемлекет басшысы ойын бизнесі саласындағы қаржылық және басқа да құқық бұзушылықтардың алдын алу жұмыстарын жандандыру қажет екеніне назар аударды.

– Барлық қаржы қозғалысын қадағалап, заңға қайшы әрекет анықталған жағдайда

тиісті шаралар қабылдау маңызды, – деді Президент.

Жиын барысында Үкімет мүшелері мен бірқатар мемлекеттік орган басшылары баяндама жасады.

Кеңес отырысының қорытындысы бойынша Қасым-Жомарт Тоқаев халық

арасындағы құмар ойынға тәуелділікпен күресу үшін заңнамалық, ұйымдастырушылық және ақпараттық-идеологиялық шаралар кешенін қабылдауды тапсырды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: akorda.kz).

● ЖОЛДАУ – 2023

Асанәлі ӘШІМҰЛЫ,
Қазақстанның Еңбек Ері:

СТРАТЕГИЯЛЫҚ НЫСАНДАР ҚАТАҢ БАҚЫЛАУДА БОЛУЫ ҚАЖЕТ

Мемлекет басшысының жыл сайынғы дәстүрге айналған Жолдауы ел дамуының басым бағыттарын айқындап, оның келешегіне батыл қадамдар жасайтын басты құжат. Биылғы Жолдау да осы міндеттер үдесінен көрінді деп нық сеніммен айтуға болады.

Мені көптен бері толғандырып, өзегімді өртеп жүрген өзекті мәселенің бірі – мемлекеттің стратегиялық мәнге ие нысандарының жай-күйі, қорғалуы еді. Бұл ретте су мәселесінің сөз болуы менің көңіліме қонды. Әсіресе, суды тиімді, үнемді пайдалануды ойлай бермейтініміз жаныма батады.

Су, таза ауа – бар тіршілік атаулының көзі. Халқымыз «Сулы жер – нулы жер» деп бекерге айтпаса керек. Сондықтан ол мемлекеттің қарауында, қатаң бақылауда болуы керек. Әсіресе, трансшекаралық аймақтарда даулы мәселе болмауы тиіс. Тарихта суға қатысты талай мәрте тартысты, шиеленісті жағдайлар орын алғанын қаперден шығармауымыз керек. Әрине, бізде Құдайға шүкір, мұндай мәселе болған емес. Дейтұрғанмен, «Сақтансаң, сақтаймын» деген принципті ұдайы назар-



да ұстаған жөн. Бұл ретте Қасым-Жомарт Кемелұлының арнайы Су министрлігін құруға пәрмен беруі өте құптарлық іс.

Егер стратегиялық маңызы тұрғысынан алып қарайтын болсақ, табиғатты, қоршаған ортаны қорғаудан артық қасиетті міндет бола бермейді. Өйткені, жұтқан ауаң, ішкен суың адам денсаулығын сақтаудың басты кепілі. Осы ретте кейінгі жылдарда табиғаты көркем Алматы сияқты шаһарлардың экологиясы да сын көтермейтіні жасырын емес. Тіпті, қала ішінде экологияның қарапайым талаптарын да ескере бермейтін көліктерді бақылайтын экопосттар жұмысын бәсеңдетіп алған.

Сонымен қатар, таудан келетін салқын самалды тежейтін биік ғимараттар салуды да белгілі мөлшерде, әр жердің табиғи мүмкіндігін қатаң ескере отырып шектеген жөн. Сондықтан Экология министрлігін де қайта құрып, мәртебесін де заңмен бекіту кезек күттірмейтін мәселе деп білемін.

Сонымен қатар, ауыл, аудан әкімдіктерінің жоғарыға қол жайып отырмай, бюджеті дербес болып, қаражатқа өзі қожалық етуі де дұрыс ойластырылған.

Әсіресе, Жолдауда балалардың оқуына, ата-анаға үлкен көмек болатын «Келешек» несиеінің қолға алынатыны қуантты. Жалпы халықтың әлеуметтік, тұрмыстық жағдайын арттыруды мемлекеттің мойнына жүктеп қоймай, табысы тайқазандай тасыған тиісті қорлар, компаниялар арқылы да жақсартудың жолын іздеу керек. Сондықтан қосымша қаржы көздерін тауып, ең төменгі жалақы мөлшерін 85 мың теңгеден жоғары көтеруге де мүмкіндігіміз зор. Бұл ретте Мемлекет басшысының шетке кеткен активтердің еселеп қайтарылып жатқанын атап өтуі де көп жайдан үміттендіреді.

Қорыта айтқанда, істің көзін таба білу, ұйымдастыру жұмыстарын дұрыс, үйлесімді жүргізу – Жолдауда айтылған талаптарды жүзеге асырудың басты кепілі.



Кенжехан МАТЫЖАНОВ,
М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Бас директоры, ҚР мәдениет қайраткері:

СЕРПІЛІС БАР

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан халқына «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты кезекті Жолдауын жолдады.

Мемлекет басшысы алдағы жылы атқарар бірқатар істерді айқындап берді. Сондай-ақ, жаңа экономикалық өзгерістерді атады. Болашақта жасанды интеллект тиімділігін айтып өтті. Соның арқасында еңбек нарығын күшейтіп, табысты арттырудың алғышарттарын ұсынды. Экономикалық өзгерістердің негізгі бағыттарын айтты. Сонымен бірге, су, жарықты үнемдеуге шақырды. Осыған байланысты жаңадан екі министрлік құрылатын болды. Ауылдың жағдайын көтеру керектігі айтылды. Ауыл шаруашылығы мен кәсіпкерлікке қолдау артады. Сонымен қатар, ең төменгі айлық-табыс 85 мың теңгеге көтерілетін болды.

Президенттің игі бастамалары ел дамуының басты бағыттарын айқындайды. Түйіндей келгенде, қазақ елінің алар асуы алда болсын!



САРАПТАМА

«ҮЛКЕН ЖИЫРМАЛЫҚТАҒЫ» ҮМІТСІЗДІК: Байден мен Сидің кездесуі кейінге қалды

АҚШ–Қытай қайшылығы

АҚШ президенті Джо Байден мен Қытай басшысы Ши Жиньпің (Си Цзиньпин) соңғы рет былтыр қарашада Индонезияның Бали қаласында кездескен. Алғашқы ресми кездесуі де сол болатын. Онда да кездесу G20 саммиті аясында өтті. Шыны керек, бұл кездесу екі елдің қарым-қатынасына оң жағынан әсер етпеді. Тараптардың ұстанымы алшақ екені сол кезден де белгілі болған. Содан бері де екі ел арасындағы дипломатиялық қарым-қатынас нашарлай түспесе, жақсарған жоқ. Вашингтон мен Бейжің ұдайы өздерінің ұстанымдарын қайталап, қайшылықтың ең негізгі түйіндерін шешуге ортақ ниет танытпады. Дегенмен, биыл жыл басынан бері бірқатар дипломатиялық жүрістер сырт әлемге оңды прогресс сынды көрінді. Мысалы, АҚШ Мемлекеттік хатшысы Блинкен, Қаржы министрі Джанет Йеллен, Байденнің климат жөніндегі өкілі (кеңесшісі) Джон Керри және Сауда министрі Джина Раймондо қатарлы жоғары лауазымды тұлғалары Бейжіңге бірінен соң бірі сапарлай барды. Ал Қытайдың да Сыртқы істер министрі, сыртқы саясат бойынша арнайы өкілі, сауда өкілдері сынды лауазымды тұлғалары Вашингтонға сапар шекті. Осының бәрі АҚШ пен Қытай арасында дипломатияның қайта жанданып, тіпті президенттер ортасындағы жоғары деңгейдегі кездесу болады деген болжамдарға жол ашқан. Бұл арқылы тараптар қарым-қатынасты келіссөзбен реттеуге тырысып жатқандай болып көрінген.

«Үлкен жиырмалық» (G20) саммиті әр тарапқа әртүрлі жағынан маңызды. Бұл ең ауқымды диалог алаңында көптеген мәселелер талқыға түседі. G7 саммитіне қарағанда қатысушы мүшелерінің көптігі және ауқымының кеңдігімен ерекшеленеді. Қазір жаһандық геосаяси алаңдағы температураның екі қызу нүктесінің бірі – АҚШ–Қытай қайшылығы. Байден мен Ши үшін де бұл алаңда кездесіп, қарым-қатынасты жаңа арнаға салуға мүмкіндіктері бар-тын.

Сирек сапарлайтын Си, үмітсіз Байден

«Мен үмітсізденіп қалдым» депті АҚШ президенті Байден Делавэр штатында жасаған мәлімдемесінде. Бұл оның Қытай басшысының саммитке қатыспайтынын

Алдағы демалыс күндері Үндістан астанасында G20 саммиті өтеді. Бұл дабыралы халықаралық жиын әлем назарында болмақ. Өйткені, күрделі жаһандық жағдайда көптеген мәселелер осындай ауқымды диалог алаңында талқылануға тиіс болатын. О баста АҚШ президенті мен Қытай басшысы да осы жиын аясында кездесіп, екі елдің терең қайшылығын жеңілдетеді деп күтілген. Бірақ Қытай басшысының Жаңа-Делидегі жиынға қатыспайтыны мәлім болды. Оның орнына премьер-министрі Ли Цян бара жатыр. Вашингтон мен Бейжің ортасындағы шиеленіс әлемге елеулі әсер етіп тұрғандықтан, Жаңа-Делиде жүздесуге артылған үміт ақталмай қалды. Бұған қарап, сарапшыларда АҚШ–Қытай қатынасы одан ары терең текетіреске кетуі мүмкін деген көзқарас басым.



білгеннен кейінгі айтқаны. Журналистер сұрағына жауап бергенде: «Мен үмітсізденіп қалдым, бірақ мен онымен кездесемін», – деген Байден. Қайда кездесетіні жайында ашып ештеңе айтпаған, турасында оны Байденнің өзі де білмеуі мүмкін.

Қарашада Азия-Тынық мұхиты экономикалық ынтымақтастығы (АТЭС) басшыларының саммиті Сан-Францискода өтеді. Бұған Қытай басшысы Ши Жиньпің қатысады деп күтілуде. Бірақ Бейжің тарапынан анық мәлімет жоқ. Шынтуайтында, Ши Жиньпіңнің

биылғы жоспарлаған шетелге сапарларының реті тым сирек. Бұған америкалық ақпарат құралдары назар аудармай қалған жоқ. Олар Қытай басшысының Үндістандағы саммитке қатысудан бас тартуы Қытай–Үндістан қарым-қатынастарын одан әрі салқындатуы мүмкін деген болжамдарды да алға тартқан.

Оған керісінше, Байден шетелдік сапарларға белсенді болып тұрғандай. Бұл жолы ол Үндістан сапарымен шектеліп қалмайды. Ол Вьетнамға да сапарлауды жоспарлап отыр. Бұл дегеніміз – АҚШ Қытайға жақын Азия елдеріндегі позициясын

одан ары нығайта түсуге тырысып жатыр дегенді білдіреді. Байқап отырғанымыздай, Үндістан мен Вьетнам да Құрама Штаттармен қарым-қатынасты жақсартуға ынталы. Соның өзінде Ханой да, Жаңа-Дели де Вашингтонмен қарым-қатынастың дамуында Бейжіңмен шиеленіске алып баруынан алаңдайды, әрі барынша сақтықпен қадам жасайды.

Үлкен жиырмалықтағы үлкен үмітсіздік

Кезекті «Үлкен жиырмалық» жиыны геосаяси қайшылықтарға толы кезде өткелі тұр. Бұл бір жағынан саммиттің өзектілігін де айқындай түскендей. Өткізуші тарап Үндістан өкілдері барлық мәселеде ортақ қосынсты табу жиынның басты мақсаты екенін айтады. Соған қарамастан Қытай мен Ресей басшыларының саммитке қатыспауы «Үлкен жиырмалық» арасындағы геосаяси бөліністі де айқындай түсті. Оның үстіне, жақында БРИКС бас қосында Бейжің мен Мәскеу осы G20 мүшелерін өзіне қарай көбірек тартқаны бар. Осының бәрі кезекті жиын диттеген жерге жете ала ма дейтін сұраққа бастайды.

Жиында талқыланатын тақырыптың бірі – Украинадағы соғыс. «Үлкен жиырмалық» ішінде ортақ келісімге қол жеткізуге деген үміт жоқтың қасы. Тіпті, қайшылық былтырғы Балидегі саммитке қарағанда тереңдей түседі деп болжануда. Осының бәрі қазіргі әлемнің қаншалықты кереғар күйде тұрғанын айқындайтын бір мысал. Бір тарапта – АҚШ бастаған Батыс елдері, бір тарапта – Ресей мен Қытай бас болған тағы бір күш орталықтары. Әр тарап дерлік халықаралық диалог алаңдарын өзіне бұрғысы, халықаралық тәртіпті өз тұрғысынан қайта қарастырғысы келеді. Сондықтан да «Үлкен жиырмалық» секілді аса маңызды диалог форматы да қызу ойын алаңына айналып отыр. Соған қарамастан Жаңа-Дели кезекті саммит тараптар арасындағы пікір алшақтығын қысқартуда үлкен рөл атқарады деп сенеді.



Естай БОЖАН, сарапшы.

БАЙЫПТАМА

БАТЫС ПЕН ӘЛЕМ ТЕКЕТИРЕСІ

МӘСКЕУ МЕН БЕЙЖІҢГЕ ҚАНДАЙ ПАЙДА ӘКЕЛМЕК?

(Басы 1-бетте)

2000 жылдардың басында В.Путин билікке келісімен елдің ішкі мәселелерімен айналысты. Сыртқы саясатында дипломатия үстемдік етті. Батыс әлемімен барынша жақындасуға тырысу әрекеттері байқалды. Алайда, 2008-2009 жылдардағы әлемдегі қаржы-экономикалық дағдарыс, әрі билікті ұстап қалу ниеті сыртқы саясатта бетбұрыс жасауға мәжбүр етті.

2000 жылдардағы мұнай сатқаннан біз ғана емес, Ресей де байыды. Халықтың әл-ауқаты жақсарды. Әлеуметтік жағдайы жақсарған халықтың билікке деген сенімі жоғары болатыны айдан анық. Ал дағдарыс калыптаты жағдайды өзгертті. Енді қалтасы тарылған халыққа басқа нәрсе беру керек еді. Жауап та табыла қалды. Мемлекет сыртқы саясатты агрессивті жүргізе бастады. Дипломатиядан гөрі саяси мүдде алға шықты. Басты сыртқы жау ретінде АҚШ бастаған Батыс елдері атала бастады. Мұнда Кеңес үкіметі санаға сіңдірген америкалық қауіп қолданылды.

Енді міне, қазір көрші елдің әр мәлімдемесінде Батысты айыптау басым. Соңғы болған ШЫҰ, BRICS сияқты ұйымдардағы кездесулерде осындай мәлімдемелер жасалуда.

Бейжің жолы

Ал Бейжің болса өз мүддесін астарлап жеткізуде. Ол үшін өзі мүше түрлі халықаралық ұйымдарды қолданып келеді.

Оларға ШЫҰ, BRICS сияқты халықаралық ұйымдар кіреді.

Қытай елінің сыртқы саясаттағы бетбұрысы оңай болған жоқ. Әр әрекетін жеті рет ойлап бір кесетін мемлекетте саяси шешім қабылдау ұзақ мерзімге негізделеді. Шығыстағы көршіміз сыртқы саясатта экономиканы саяси амбициядан жоғары қояды. Мұндай дәстүр Дэн Сяопиннің кезінен басталды. Алайда, осыдан он жылдай бұрын жағдай өзгерді. Оған Си Цзиньпиннің билікке келуі әсер етті. Ол 2012 жылдан бері Қытай коммунистік партиясы ОК Бас хатшысы қызметін атқаруда.

Қытайдың қазіргі басшысы билікке келгеннен бері елдің сыртқы саясаты өзгерді. Өз мүддесін жасырып келсе де өзгеріс байқалады. Оған түрлі факторлар әсер етті. Ең алдымен, Си Цзиньпиннің жеке саяси амбициясын атап өткен жөн. Ол Дэн Сяопиннің негізін салған саяси дәстүрді өзгертті. Қазір енді ұзақ мерзім билікте отыруға ниетті.

Екінші себеп – сыртқы фактор. Оған Дональд Трамптың АҚШ президенті болған жылдары жүргізген сыртқы саясаты әсер етті. Ол 2016–2020 жылдары АҚШ-ның президенті болды. Ол билікке келісімен Қытаймен сауда-экономикалық қарым-қатынас нашарлады. Олай болары да алдын ала белгілі болған. Өзінің сайлауалды бағдарламасында Қытаймен сауда байланысын сынға алып еді. Осылайша сыртқы жау табу арқылы сайлауда жеңіске жетті.

Билікке келісімен сайлаудағы уәдесерін орындай бастады. Экономикалық тұрғыдан қарайтын болсақ, АҚШ–

Қытай сауда байланысында шынымен де Вашингтон әлсіз болып көрінген. Себебі, олардың Қытайға сатқанынан гөрі, сатып алғаны көп. 2017 жылы АҚШ-тың экспорты 187,5 млрд доллар болса, экспорты 522,9 млрд болған. Соған орай, Трамп 2018 жылдың 23 қаңтарында Қытайдан келетін тауарларға салынатын тарифті 30% етіп бекітті. Бұдан кейін екі ел арасында сауда соғысы басталды. Қазір екі ел арасындағы кикілжің уақытша басылды. Дегенмен, текетірес әлі жалғасуда.

Көпполүсті әлемді қалай орнатпақ?

Мәскеу мен Бейжің экономикалық жағынан дамушы және артта қалған елдерді Батыс әлеміне қарсы қоя бастады. Олардың сөзінше G7 деп аталатын дамыған елдер өзге елдердің дамуына кедергі келтіруде. Ал шындығында, олардың жеке мүддесі бар.

Биыл наурыз айында Ресей мен Қытай басшылары екі елдің қарым-қатынасын одан әрі нығайтты. Ортақ мәлімдемеді екі ел біржақты санкцияларға және экспортты сырттан шектеуге қарсы екенін атап өткен. Санкция дегені Батыс елдерінің Ресейге қарсы экономикалық шектеу саясатын меңзейді. Ал экспортты сырттай шектеу дегені АҚШ-тың 2018 жылы Қытайдан келетін экспортты шектеу саясаты. Сондай-ақ, Батыс елдерінің экологияны қорғауға қатысты бастамаларының астарында өзге елдердің сыртқы саудасын шектеу жатыр деген пікірде.

Жақында өткен BRICS саммитінде де осыған ұқсас ойлар айтылды. Ұйым мүшелері көбейіп, БҰҰ Қауіпсіздік кеңесіндегі тұрақты мүшелердің санын арттыруды және Бүкіләлемдік сауда ұйымындағы ойын ережелерін өзгертуді көздеп отыр.



Пердехан ШӘМШИНЕВ, сарапшы.



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ



Линь У хабарлағандай, Шаньдун мен Алматының ортақ тұстары көп. 100 миллионнан астам халқы бар Қытай провинциясы экономика көлемі бойынша үшінші орында және ҚХР-да айтарлықтай ықпалға ие. Былтыр ЖӨӨ 8,74 трлн юань немесе 1,3 трлн доллар болды, бірінші жартыжылдықта ЖӨӨ 6,2%-ға өсті.

Шаньдунда автокөлік шиналары өндірісі жолға қойылған, жыл сайын 200 млн данадан астамы шығарылады. Өңдеуші өнеркәсіппен қатар соңғы жылдары инновациялық технологиялар саласы белсенді дамып келеді. Провинцияда ауыл шаруашылығы мен туризм де дамыған (700-ге жуық туристік аймақ және 7 ұлттық қорық бар). Линь У машина жасау, ауыл шаруашылығы, «Еуропа-Азия» бағытындағы контейнерлік пойыздарды қамтамасыз ету саласындағы бірлескен жобаларды іске асыруға, сонымен қатар, Шаньдун мен Алматы арасындағы жастардың тәжірибе алмасуына қолдау көрсетуге дайын екенін білдірді.

Ерболат Досаев атап өткендей, Қазақстанды Қытаймен 1700 шақырымнан астам ортақ шекара, сонымен бірге, достық пен стратегиялық әріптестіктің сан ғасырлық тарихы байланыстырады. Тұрақты қарым-қатынастың арқасында Алматы қаласы мен ҚХР арасындағы тауар айналымы биылғы 7 айда 18,5%-ға артып, 4,4 млрд АҚШ долларына жетті. Бүгінде Алматыда Қытай капиталы тартылған 1,5 мыңнан астам бірлескен кәсіпорын жұмыс істейді (Қазақстанда – 2650).

Былтыр Мемлекет басшысы қуаттылығы 90 мың Changan, Chery, Haval қытайлық брендтерін шығаратын

ОРТАҚ КЕЛІСІМ

Алматы қаласының әкімі Қытайдың Шаньдун провинциясы коммунистік партиясының хатшысымен кездесті

Шаһар басшысы Ерболат Досаев пен Шаньдун провинциясы коммунистік партиясының хатшысы Линь У машина жасау, жаңа технологиялар, сауда, туризм мен ауыл шаруашылығын дамыту саласындағы екіжақты ынтымақтастықтың перспективаларын талқылады.



зауыттың құрылысын бастады. Кәсіпорын 2025 жылы Алматының индустриалды аймағында ашылады. Осылайша Алматыда автомобиль кластері құрылып келеді.

Мемлекет басшысының Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауында айтылған жаңа экономикалық саясаттың базалық бағыттарының ішінде өңдеуші өнеркәсіпке баса назар аударып, экономиканы терең әртараптандыру айқындалды. Осыған байланысты инвесторлар үшін «Инновациялық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағы тартымды болып отыр, онда инвесторларға жеңілдіктер мен артықшылықтар көзделген.

Бұған қоса, қала басшысы Алматыда туризмді дамытудың басымдығын атап өтті. Жыл басынан бері туристер саны 5 есеге өсті. Алматының ШЫҰ-ның мәдени астанасы болып жариялануына байланысты бұл көрсеткіш арта түседі, сондықтан қалада жаңа туристік өнімдерді әзірлеу бойынша белсенді жұмыс жүргізіліп отыр.

Кездесу қорытындысы бойынша тараптар өзара ынтымақтастықты нығайту және сауда-экономикалық байланыстарды кеңейту туралы келісті.

ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ЖЫЛУ ЖЕЛІЛЕРІ

бойынша сынақтан өткізудің соңғы кезеңі өтеді

Алматының тыныс-тіршілігін бақылайтын мекемелер жылдағы дәстүр бойынша науқандық шараларға білек сыбана кірісіп жатыр.

Мегаполистің барлық аудан аумақтарында 4 қыркүйек пен 13 қыркүйек аралығында жылу желілерін гидравликалық сынақтан өткізудің соңғы кезеңі өткізіледі. «Алматы жылу жүйесі» ЖШС мамандарының хабарлауынша, гидравликалық сынақтар қалалық жылу кешенін алдағы жылыту маусымына дайындау аясында жылу желілерінің, олардың жабдықтарының жай-күйін тексеру және құбырлардың проблемалық аумақтарын анықтау үшін жүргізіледі.

«Алматы жылу жүйесі» ЖШС магистральдық және тарату құбырларын қай күні

және қандай көшелерде сынақтан өткізетіні туралы тізімді жариялады. Бұл тізімдерді оқырмандар «Almaty aqshamy» газетінің сайтынан оқи алады.

Іс-шараға жауапты мекеме хабарлағандай, гидравликалық сынақ өтетін көшелерде тұратын тұтынушыларға ыстық су үзіліссіз берілетін болады.

Жылу жүйесі мамандары қала тұрғындарынан уақытша қолайсыздықтарға түсіністікпен қарауды сұрай отырып, магистральдық және тарату құбырларын тексеру кезінде – күн сайын таңғы 4-тен 7-ге дейін қала тұрғындары мен мегаполис қонақтарын сақ болуға шақырады. «Оқыс жағдай туындаса, өз бетіңізше ешқандай дербес әрекет жасамаңыз, дереу «Алматы жылу жүйесі» ЖШС-на Алматы қаласындағы мына телефондар арқылы 378-06-48, 378-06-62 (тікелей нөмір), call-орталық: 341-07-00 немесе 341-07-77 (қосымша 1011 немесе 1014), сонымен қатар, 109 құтқару қызметіне хабарласуды сұраймыз» деп мәлімдеді компания өкілдері.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ЖАҢА «ЭКОСТАНЦИЯ»

пластик пен басқа да шикізатты қабылдайды

Жаңа экостанция қайта өңдеуге болатын пластиктерді (PET 1, HDPE 2, LDPE 4, PP 5 таңбалары бар); GL 70 таңбалы түссіз шыны; металл; консерві банкалар (ALU 41); үлкен және шағын электроника; батареялар; макулатура; картон және гофрленген картон секілді қалдықтардың 11 түрін қабылдайды.

Алматылықтар үшін Ecosen компаниясы пайдаланушы тапсыратын қалдықтардың көлемі жазылатын және олар үшін ұпайлар есептелетін арнайы мобильді қосымшаны әзірледі. Ұпайларды онлайн-дүкенде пайдалы эко-тауарларға айырбастауға болады, мысалы, эко-сөмкелер, сауда сөмкелері, қайта пайдалануға болатын

шыныаяқтар және т.б., осылайша халықты көбірек жинауға және жаңа пайдаланушыларды тартуға ынталандырады.

Ұйымдастырушылар бұл коммуналдық қалдықтардың көлемі бойынша Қазақстанда бірінші орын алатын Алматыда қала үшін әлеуметтік және экологиялық тұрғыдан маңызды жоба екеніне сенімді.

Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, 2022 жылы Алматыда 481,7 мың тонна қалдық жиналған.

Қайта өңделетін шикізатты қабылдау жөніндегі жаңа экостанция Байзақов көшесі, 73 пен Гоголь көшесінің қиылысындағы мекенжай бойынша орналасқан. Эко-белсенділердің пікірінше, мұндай үлкен мегаполис үшін бір станция жеткілікті. Сондықтан болашақта мұндай нүктелерді қаланың басқа бөліктерінде ашуды жоспарлап отыр.

Бетті әзірлеген
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



● ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

Соңғы жылдары «Алматыда әлі де мектептен тыс тегін білім берумен қамту жағы төмен, жалпы контингенттің небәрі 9%-ын ғана қамтиды» деген сөздер жиі айтылып келген еді. Көп ұзамай осы мәселені шешу үшін қаламыздың Алатау және Наурызбай аудандарында екі Оқушылар сарайының құрылысы басталған болатын. Әрқайсысының қуаттылығы – 675 адамды құрайтын бұл нысандар қосымша білім беру және балалардың бос уақытын тиімді өткізу бағдарламаларын жүзеге асыру үшін қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді.



Суретті түсірген Сағат Құсқынұлы

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОРТАЛЫҚ мүмкіндігі мол

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «100 заманауи Оқушылар сарайын салу» бағдарламасын жүзеге асыру аясында құрылысы аяқталған Наурызбай ауданындағы мектеп жасындағы балаларға арналған алғашқы Инновациялық шығармашылық орталықты Президент Қасым-Жомарт Тоқаев маусым айында Алматыға жұмыс сапары барысында ашқан еді. Оқу жылы қарсаңында Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Алатау ауданында жаңа Инновациялық шығармашылық орталығын ашты.

Сонымен, Алматыда ашылып отырған екі бірдей орталық заманауи үлгіде салынып, барлық талаптар ескерілген. Балалардың тұлға болып қалыптасуына барлық жағдай жасалған. Оның үстіне, Алатау ауданының орталықтан қашықтау орналасқанын ескерсек, ең алдымен баланың қауіпсіздігі үшін де барынша жағдай жасалып отыр.

Дәл қазіргі кезде шаһарымыздағы 302 мың оқушының 55 мыңнан астамы осы Алатау ауданында тұрып жатыр. Олардың қатарына биылғы 1-сыныпқа барған 6200 баланы қосыңыз. Сонымен, қыр-

күйектің ортасынан бастап балалар 33 түрлі үйірмеге қатыса бастайды. Жаңадан ашылып отырған орталық аптасына 5 мыңға дейін баланы қабылдайды.

Алатау ауданындағы Инновациялық орталықтың ашылу салтанатына қатысқан қала басшысы «Басты міндет – балаларымызға жақсының бәрін беру. Жаңа орталық аудан мектептері мен балабақшаларға қадамдық қолжетімділікте арнайы ашылды және ең жоғары стандарттар бойынша білім беру технологияларымен жабдықталған. Осы орталықтың ашылуы барысында Алатау ауданында оқушылар мен олардың ата-аналарына ыңғайлы білім беру кластері құрылды. Өзірленген бағдарламалары бар секциялар балаларға мектепте алған білімдерін тереңдетуге және кеңейтуге мүмкіндік береді», – деген еді.

Аталмыш орталықта тігін шеберханасы, аспаздық студия, спорт залдары, актерлік шеберхана студиясы, музыкалық студия мен дыбыс жазу студиясы, қысқы бақта орналасқан арт-студия бар. Бұған қоса, коворкинг аймағы, балалардың көңілін көтеруге арналған интерактивті проекциялық

зал және оқушыларға арналған демалыс аймағы, ашық терраса бар.

Инновациялық шығармашылық орталықтарының басты ерекшелігі – классикалық бағыттармен бірге, модельдеу, VR сыныптары, авиамодельдеу, өнеркәсіптік дизайн сынды заманауи бағыттар да қарастырылған. Сондай-ақ, орталықтағы сабақтар кәсіптік бағдар беру функциясын орындап, студиялар колледж, жоғары оқу орындарымен тығыз байланысып отырады.

Орталықта ерекше қажеттіліктері бар балаларды сабаққа тарту үшін мүмкіндіктер жасалған. Баланың саусағы арқылы ұсақ моториканы дамытуға бағытталған секциялар қарастырылған. Сондай-ақ, логопедтер, дефектологтар, психологтар жұмыс істейтін ЕДШ-залдар мен коррекциялық кабинеттер бар. Орталықтың тағы бір ерекшелігі – оның бүкіл аумағына, террасаға дейін мүмкіндігі шектеулі топтардың қозғалуына жағдай жасалған.

Сәтін салса, 2025 жылға дейін Алматыда тағы да бес Инновациялық шығармашылық орталық салынатын болады.

● ҚҰРМЕТ

ЕҢБЕКТІҢ ЕЛЕНГЕНІ ЖАҚСЫ

Міне, үш ай демалыстан кейін тағы да қауышып жатырмыз. Мектепті де, оқушыларымызды да сағынып қалыппыз. Әсіресе, күміс қоңыраудың үнін айтсаңызшы. Әйтеуір, ұзақ уақыт көріспегендіктен бе, барлығы көзіме ыстық, жаныма жақын. Бірімізді-біріміз сағынып, сабақты да бастап кеткен жайымыз бар. Осы ретте мен сіздермен өзімнің тағы бір қуанышымды бөліскім келіп отыр.

Биылғы оқу жылын біздің №151 мектеп ұжымы ерекше қуанышпен бастады. Мектебімізде ұзақ жылдан бері бірге еңбек етіп келе жатқан қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Гүлсара Мұқамбетқалиқызы «Еңбек ардагері» атанып, арнайы медальмен марапатталды. Бұл құрметті барлығымыз ерекше қабылдап жатырмыз. Өйткені, марапат өз



иесін тапты. Жас ұрпаққа ана тілінің мәйегін үйретіп, қадір-қасиетін дәріптеп жүретін жанның еңбегі жанды.

Еңбектің еленгені жақсы ғой. Осынау еңбекқор, үнемі ізденіс үстінде жүретін әріптесім туралы кезінде мен де «Almaty akshamy» газетіне жазған едім. Өз ісінің нағыз маманы Гүлсара Мұқамбетқалиқызының еңбегіне берілген баға бізді де шабыттандырып отыр. Еңбегіңіз жана берсін, ұлағатты ұстаз!

Халиса ОРАЗОВА,
№151 мектеп мұғалімі.

● ҚОЛДАУ

Акция аясында біздің елде кәсіпкерлер мен өндірістік кәсіпорындар, ұйымдар басшылары әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасылардың балаларына қамқорлық көрсетуді дәстүрге айналдырған.



ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ – ЖАҚСЫЛЫҚТЫҢ БАСТАУЫ



Оқу жылының алдында жүргізілетін кезекті науқан көптеген аз қамтылған және көпбалалы отбасылардың, жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға көмек көрсету, әлеуметтік себептер салдарынан мектепке бармаудың алдын алу мақсатын көздейді. Иә, расында биылғы «Мектепке жол» акциясы бұрынғыға қарағанда өзгереді деп айтуға болады. Осыдан біраз жыл бұрын жаңа форматқа ауысып, өзге қайырымдылық акцияларына қарағанда оқушыны материалдық-әлеуметтік жағынан қамтудан көш бастаған «Мектепке жол» акциясы былтырғы жылдың соңы мен биылғы жылдың нақты көрсеткішін ала отырып қамту қорын біршама молайтқан. Бірнеше жыл қатарынан ұйымдастырылып келе жатқан бұл акция біздің Жетісу ауданындағы №148 мектеп-гимназиямызда да үлкен қолдауға ие болып келеді. Биылғы жылы жалпы міндетті оқу қорынан тұлдыр жетім және күн көріс деңгейі төмен көпбалалы, аз қамтылған отбасылардан шыққан 119 оқушыға 35 мың теңге мектеп формасына және 8000 теңге оқу құралдары (қонж. тауарларға) әр оқушыға 43 000 теңгеден жалпы сомасы 5 млн 117 мың теңге бөлінді. Биылғы жылдың ерекшелігі Президентіміздің

қолдауымен мектеп табалдырығын аттағалы отырған, әлеуметтік осал топтардан шыққан 1-сынып оқушыларына да қаражат бөлінді. Жылда мектеп табалдырығын аттағалы отырған оқушыларға Жетісу ауданы әкімшілігі атынан мектеп формасы, аяқкиімі және оқу құралдары салынған мектеп сөмкесін беріп, қаншама отбасына қуаныш сыйлағанын айта кету керек. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дегендей, биыл мектеп табалдырығын атталғалы отырған 1-сынып оқушыларына Mr. Barts English компаниясы Жетісу ауданы бойынша 10 оқушыға, соның ішінде біздің мектептің 1 оқушысына оқу құралдары салынған сөмке сыйлады.

Мұның өзі «оқимын, жетемін, жетілемін» деп отырған әр шәкіртті қанаттандыратыны рас қой! Жақсылық көріп өскен бала, жақсылыққа жаны құмар, жақсылық жаршысы болары анық. Ендеше, осындай сабақтастық жоғалмай, қайырымды жандардың қатары көбейе берсін дейміз!

Әсел ТЕГІС,
№148 мектеп-гимназияның
әлеуметтік педагогы.

Бетті әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.

● «МЕКТЕП АВТОБУСЫ»

АУҚЫМДЫ ЖОБА

Биыл Алматы мектептеріне 30 мыңнан астам бала 1-сыныпқа барды. Қала мектептерінде өткен салтанатты жиынға қала әкімінің орынбасарлары Әсем Нүсіпова, Арман Қырықбаев, Әлішер Әбдіқадыров, сондай-ақ, аудан әкімдері мен еңбек ардагерлері қатысты.

Алматыда 323 білім мекемесінің ауласында салтанатты жиын өтті. Осы мектептердің қатарында №211 мемлекеттік және 3000 орынды 9 жекеменшік мектеп алғаш рет ашылып отыр. Сондай-ақ, 2 мектептегі (№48,

ШИ №9) қосымша ғимараттардың құрылысы аяқталып, оқушы санын 420 орынға арттыруға мүмкіндік берді. Сондай-ақ, жыл соңына дейін №148 300 орынды мектепке қосымша құрылысты аяқтау жоспарлануда. Қала мек-

тептерінде барлығы 301 мыңнан астам оқушы оқиды.

Сонымен қатар, ағымдағы жылдан бастап Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасы бойынша 133 мыңнан астам бастауыш сынып оқушылары тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етіледі. Ал жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын «Жалпыға бірдей оқыту» қорынан мектеп формасы мен кеңсе керек-жарактарын сатып алу үшін бір балаға 43 мың теңгеден көмек көрсетілді. Осы қордан ХӨОТ санатындағы (халықтың әлеуметтік осал топтары) 15 мыңнан астам алматылық оқушы көмек алды.

Сондай-ақ, жаңа оқу жылынан бастап, қала әкімінің тапсырмасы бойынша Алматыда алғаш рет мектеп оқушыларын тасымалдау үшін ауқымды жоба енгізілді. «Мектеп автобусы» жобасымен 30 мемлекеттік мектепті қамтитын 100 автобус сатып алынды. Білім күнінен бастап автобустар педагогтардың қатысуымен арнайы ережеге сәйкес балаларды тасымалдауды жүзеге асыруға кірісті.





ЭТНОМӘДЕНИЕТ

КӨНЕ ТҮРКІ РУХЫ

Алатау бөктерінде «Ұлы дала –

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

(Басы 1-бетте)

Халықаралық деңгейдегі этномәдени іс-шараның тарихи өлкеде өтуінің өзінде үлкен мән жатыр. Соңғы рет дәл осы жерде 2019 жылы өткізілген. Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл аймақ бекер таңдалған жоқ. Боралдай – тарихтың талай құпиясын ішіне бүккен қорған. Алматы маңында ерте темір дәуірінен бері сақталған жалғыз ескерткіш.

Фестиваль «Алматы–Шанхай ынтымақтастық ұйымының мәдени және туристік астанасы» жобасы аясында өтті. Арнайы шақырылған қонақтардан тыс, 10 мыңға жуық халық жиналған ауқымды жиында номадтардың ұмыт болған дәстүрлеріне қанық болдық. Әдет-ғұрып, ән-жырлар, ұлттық ойындар мен қолөнер насихатталып, кәсіби бүркітшілер мен шабандоздардың өнері көрсетілген іс-шараны түгел қамтып, сипаттап жазу мүмкін емес, әрине.

Өзге ұлттардың дәстүрі біздікімен қаншалықты ұқсас екенін салыстырып көруге мүмкіндік туды. Көшпелілердің қай-қайсысының да жаны жылқыға құмар келеді. Көшпелі өркениетті қалыптастырған – төрт түлік мал, оның ішінде жануар деуге аузың бармайтын жылқы. Шынымен де, ең анық байқалғаны көшпелі халықты жылқысыз елестету мүмкін емес. Фестиваль бағдарламасындағы маңызды көріністер де осы жылқыға тікелей байланысты болды. Көкпар, қыз қуу, аударыспақ, теңге ілу, жамбы ату сынды ұлттық спорттардың дені жылқыға қатысты. Ептілік пен батылдықты талап ететін, нағыз мықтылардың бабы сыналатын ұлттық спорт жарыстары өтіп жатқан алаңға біраз жұрт жиналды.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
СТАТУСҚА ИЕ

Бірлік фестивалі 10 елден келген өнерпаздың көш-шеруімен басталды. Ұлттық киімдерін киген әр мемлекеттің өкілдері туын ұстап, алаңға кезек-кезек шықты. Тойдың басы әр ұлтты таныстырудан басталды. Қазақстан, Мажарстан (Венгрия), Малайзия, Башқұртстан, Дағыстан, Таулы Алтай, Өзбекстан, Бурятия, Қырғызстан сияқты елдердің қатысушылары өз халқының салт-дәстүрі, ұлттық ойындары мен мәдени мұраларын ұсынды. Қазақстандық шабандоздармен бірге шетелдік қатысушылар ат үстінде өнер көрсетті. Жауынгерлік өнер мен ат спорты қойылымын қойды. Танымал этномузыканттарының әндері шырқалды. 50-ден астам киіз үй тігіліп,



этноауылда қолөнершілердің шеберлік сабақтары көрсетілді. Іс-шара бағдарламасында ат спорты түрлері – көкпар, теңге ілу, жамбы ату, аударыспақ және тоғызқұмалақ, асық ату, қазақ күресі мен садақ ату қамтылды. «Байқұтан» қорының сұрыптауындағы иттер мен тазы иттер әкелінді. Этноауыл маңында қазақтың «Алтыбақан» әткеншегі орнатылып, тас диірмені жұмыс істеді. Оған қоса, қонақтар әр елдің ұлттық тағамдарынан дәм татып, түркі елдерінің бай мұрасымен танысты. Шетелдік өнерпаздар мен шабандоздарды қолдау да ерекше болды. Алматы қаласынан бөлек, өзге өңірлерден де меймандар келді.

«Алматы облысы Жармұхамед ауылынан келіп отырмын. Балаларым мен немерелерім де осында. «Алматы қаласының туған күніне орай Боралдай сақ қорғандарының маңында халықаралық фестиваль өтеді екен» дегенді бір досымыздан естідік. Іс-шара өте жоғары деңгейде болды. Бұрын да келіп тұрушы едік. Арасында үзіліп, 3-4 жыл болмай қалды. Биыл қайта ұйымдастырылып жатқанын естігенде қуандық. Осындай той-думан жиі болып тұруы керек. Барлығы ұнады. Әсіресе, қазақтың батыр жігіттерінің ат үстіндегі өнері таңдай қақтырды. Көкпар, аударыспақ сияқты ұлттық ат спортын көрдік. Ел-



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

жұрт аман болсын! Осылай той тойлап жүре берейік!», – дейді Зылиқа Жүніс.

Бағдарламада көшпенділердің жекпе-жек ойындары, ат спорты өнері, садақшылар арасындағы жарыс, дәстүрді дәріптеушілердің көрме қойылымдары және т.б. бар. Ұйымдастырушылар сонымен қатар, қонақтарға ұлттық тағамдар мен қолөнер бұйымдарын дайындау бойынша байқаулар, шеберлік дәрістерін ұсынды. Ұлттық

тағамдар алаңы балқуырдақ, әсіп, бүрмеқарын, үлпершек, балқаймақ, бауырсақ, құрт, сары май, қымыз, шұбат, т.б. ұсынды. Сонымен бірге, қонақтарды жігіттер мен қыздардың ән бойынша жекпе-жегі, арм-рестлинг, арқан тарту және басқа да ұлттық ойындары бар жастар алаңы күтіп тұрды. Балалар үшін аттракциондар, қуыршақ театры және шеберлік дәрістері бар ойын алаңы орналасқан.





ЖАҢҒЫРҒАН КҮН

көшпенділер әлемі» этнофестивалі өтті



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Гани МАЙЛЫБАЕВ, Алматы қаласы
Мәдениет басқармасының басшысы:

Танымдық бағытқа баса назар аудардық

Бүгін қазақ елінде дүние жүзінің көшпелі халқы жиналды. Әрқайсысы өнерін көрсетіп, мәдениетін паш етуде. Негізгі мақсаты – көшпелі халықтың тарихын жаңғырту, көшпенділер мәдениетін, ұлттық өнерді дәріптеу. Бұл фестиваль араға 4 жыл салып, биыл қайта ұйымдастырылды. Алғашқы күнінде он мыңға жуық адам келді. 10-нан астам мемлекет өкілі бар. Жалпы, фестиваль бағдарламасына 500-ге жуық қатысушы жұмылдырылды. Келушілерге арналған 40-қа жуық мейрамханасы бар киіз үй тігілді. Әр киіз үйде сол заманнан бергіге дейін сақталған әбзелдер қойылды. Қаладағы музейлер де киіз үй тігіп, көне экспонаттардан көрме ұйымдастырды. Көрме арқылы сол заманның тұрмыс-тіршілігімен танысуға болады. Экспонаттардан Абайдың, Бауыржан Момышұлының домбырасы қойылды. Фестивальге келушілер ішіп, жеп, қызық көріп қана кетпей, көшпелі халықтың бай мұрасымен танысуына мән бердік. Ең алдымен, танымдық бағытқа баса назар аудардық. Киіз үйлердің бірінде Бауыржан Момышұлының шапаны бар. Осындай дүниелері көптеп қойдық. Одан кейін балалар алаңына да мән бердік. Ауыл-аймақтан арнайылап келген үлкен кісілер көлекеде отырып тамашалай алуы үшін сахнаға қарама-қарсы 1000 адамға арналған орындықтар қойылып, шатыр тігілді.

Іс-шара барысында шеберлер Тамара Кәпқызы мен Әлия Сауғабекова да киіз басу шеберлік дәрісін өткізді.

Тамара КӘПҚЫЗЫ, шебер:

Сырмақ, текемет сұрайтындар көп

Шеберлердің чатына фестивальге қатысуға арнайы шақырту келді. Қонақтарға шеберлік сабағын өткізіп, киізді қалай басуды, жіп иіріп, сырмақ тігіп, текемет басуды, т.б. қазақтың кестелеу өнерін көрсетуге келдік. Осындай ұлттық өнерді таныстыратын жиындардан қалмауға тырысамын. Білгенімді үйретіп, жасаған дүниелерімді жұртшылыққа таныстырған ұнайды. Жакында мұхит асып, Америкаға барып келдім. Сырмақ, текемет сұрайтындар көп. Қазір қазақтың дәстүр-салтын білуге ұмтылатын, қызығатын шетелдіктер өте көп.

Көшпелі халық өмірінде киіздің алатын орны ерекше. Бір қуантарлығы, қазір кесте тігу, түскиіздер мен алаша тоқуға көпшіліктің қызығушылығы оянып келеді. Қазақ «Ел елге қосылса құт» дейді. Осындай мәдени іс-шараларда өзіміз сияқты шеберлерден білмегенімізді бір-бірімізден үйреніп, жоғалып бара жатқан дәстүрімізді әрі қарай дамытудамыз.

Қандай елде болсын өнерді, әсіресе қолданбалы өнерді таратушы – әйел адам. Соның ішінде сырмақ пен текеметтің, түскиіз бен киіздің авторы – қазақ әйелі. Қыздар мен әйелдердің қай заманда да, қай қоғамда да өзінің рөлі жоғары болған. Тек Алматыда емес, Қазақстанның басқа да аймақтарында этностильдегі осындай іс-шаралар жиі ұйымдастырылады. Жакында Түркістанда болды. Осындай үлкен іс-шаралардан, Қазақстан шеберлер одағының ұйымдастырған жиындарынан қалмауға тырысамыз. Ұлттық құндылықтарға қызығушылар саны жыл санап артып келеді. Бүгінгі фестивальде осыған да назар аударғаны байқалады.

Раузия ТҰРСЫНБЕКОВА, Алматы
қаласы музейлер бірлестігінің бас
қор сақтаушысы:

Көрмеге этностильдегі барлық бұйым қойылды

Халықаралық этнофестивальде Алматы музейіне арнап арнайы киіз үй тігілді. Музей қорынан қазақтың дәстүрлі үйі – киіз үй барлық киіз үй жабдығымен құрылды. Музей көрмесінде этнографиялық, тұрмыста ұстаған көне заттар қойылды. Сондай-ақ, Бауыржан Момышұлының домбырасын да көрерменге ұсындық. Экспонаттардың көбі адамдардың музейге әкеліп берген заттары немесе сатып алынған көне бұйымдар. Көне заттардың дені қолмен жасалатындықтан, қазір өте сирек кездеседі. Ата-әжелерінен қалған тарихи дүниелерді музейге әкеліп өткізетіндер бар. Музейдегі экспонаттар қорына жеке адамдардың ұстанған құнды бұйымдары қосылды. Қазіргі тұрмыста сирек кездесетін, тіпті мүлдем кездеспейтін тарихи дүниелердің бәрі Алматы музейінде тұр. Бүгінгі көрмеге этностильдегі барлық бұйым қойылды. Ал екінші киіз үйде музейлер бірлестігіне қарасты Ықылас атындағы халық аспаптары музейінде қазақтың музыкалық аспаптары қойылды. Абайдың, Құрманғазы мен Динаның домбырасын көре аласыздар. Алматы музейінің қорында сақталған XIX ғасырдағы этнографиялық экспонаттарды қойдық.



2023 жылғы 4 қыркүйектегі №3/370-515

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2022 жылғы 22 шілдедегі №8 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Автомобиль жол құрылысы үшін, Алматы қаласының Түркісіб ауданындағы «Қайрат» шағынауданында орналасқан жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүліктерді осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иелері (жер пайдаланушылар) жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін (жер пайдаланушыларды) ескертсін және жер учаскелерінің меншік иелеріне (жер пайдаланушыларға) өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкіміЕ.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің
2023 жылғы 4 қыркүйектегі
№3/370-515 қаулысына қосымша

МӘЖБҮРЛЕП ИЕЛІКТЕН ШЫҒАРЫЛУҒА ЖАТАТЫН ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ТІЗБЕСІ

P/c №	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	Ботабаев Зулхарнай Шымырбаевич	20-317-107-1229	«Қайрат» шағынауданы, Дәулеткерей көшесі, 29/4 учаске	жалпы – 0,0700 иеліктен шығарылатын ауданы – 0,0023
2	«PARASAT II» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-317-107-1263	Д.А.Қонаев атындағы тұтыну кооперативі, 189/6 учаске	жалпы – 0,0996 иеліктен шығарылатын ауданы – 0,0159
3	«PARASAT II» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-317-107-1266	Д.А.Қонаев атындағы тұтыну кооперативі, 189/3 учаске	жалпы – 0,1889 иеліктен шығарылатын ауданы – 0,0714
4	«PARASAT II» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-317-107-1264	Д.А.Қонаев атындағы тұтыну кооперативі, 189/2 учаске	жалпы – 0,2559 иеліктен шығарылатын ауданы – 0,0295
5	«А-stroi» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-317-107-1213	Д.А.Қонаев атындағы тұтыну кооперативі, 183/2 учаске	жалпы – 0,1162 иеліктен шығарылатын ауданы – 0,0419
6	«А-stroi» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-317-107-1214	Д.А.Қонаев атындағы тұтыну кооперативі, 183/1 учаске	жалпы – 0,2398 иеліктен шығарылатын ауданы – 0,0833
7	Камал Садрадин	20-317-107-1067	Д.А.Қонаев атындағы тұтыну кооперативі, 154/3 учаске	жалпы – 0,6339 иеліктен шығарылатын ауданы – 0,0215
8	Камал Садрадин	20-317-107-1037	Д.А.Қонаев атындағы тұтыну кооперативі, 154/2 учаске	жалпы – 0,5000 иеліктен шығарылатын ауданы – 0,0059
9	Нуркина Светлана Геннадьевна	20-317-107-906	Д.А.Қонаев атындағы тұтыну кооперативі, 154 учаске	жалпы – 0,5873 иеліктен шығарылатын ауданы – 0,0076
10	Нуриев Аладин Нарманович, Нуриева Эллина Надишаевна	20-317-107-720	Д.А.Қонаев атындағы тұтыну кооперативі, 697 учаске	жалпы – 1,5100 иеліктен шығарылатын ауданы – 0,0365
11	Тулендиева Гульнар Сейтжапаровна	20-317-107-621	Д.А.Қонаев атындағы тұтыну кооперативі, 27	жалпы – 3,2600 иеліктен шығарылатын ауданы – 0,0037
12	Тлеубай Ерболат Қанатұлы	20-317-104-633	Д.А.Қонаев атындағы тұтыну кооперативі, 107 учаске	жалпы – 3,6440 иеліктен шығарылатын ауданы – 0,3871
13	Осипова Светлана Васильевна	20-317-104-092	«Қайрат» шағынауданы, 23 көше, 2	жалпы – 0,3500 иеліктен шығарылатын ауданы – 0,0537
14	Бациева Шумайсат Хайбуллаевна, Хазаева Разида Сайдахметовна	20-317-104-021	«Қайрат» шағынауданы, 19 көше, 2 учаске	жалпы – 0,0800 иеліктен шығарылатын ауданы – 0,0240
15	Бациева Шумайсат Хайбуллаевна, Хазаева Разида Сайдахметовна	20-317-104-018	«Қайрат» шағынауданы, 19 көше, 1 учаске	жалпы – 0,0800 иеліктен шығарылатын ауданы – 0,0230

2023 жылғы 4 қыркүйектегі №3/370-516

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2023 жылғы 14 маусымдағы №3 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Өту жолын ұйымдастыру үшін Меруерт Есканатовна Коспановадан және Даурен Нурланович Нурлановтан, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Халлиулин көшесі, 210/19 учаске мекенжайы бойынша орналасқан (кадастрлық нөмірі 20-315-061-150) ауданы 0,1400 га жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иелесі жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін ескертсін және жер учаскесінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкіміЕ.ДОСАЕВ

2023 жылғы 4 қыркүйектегі №3/370-517

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №10 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ортақ пайдалануындағы объектілердің құрылысы үшін (жаяу жүргіншілер аймағы кеңейту), Алматы қаласының Алмалы ауданындағы Мақатаев көшесі, 135, Мұратбаев/Мақатаев көшелері, 44, мкенжайлары бойынша орналасқан жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүліктерді осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2025 жылдың 1 қыркүйегіне дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иелері (жер пайдаланушылар) жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін (жер пайдаланушыларды) ескертсін және жер учаскелерінің меншік иелеріне (жер пайдаланушыларға) өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкіміЕ.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің
2023 жылғы 7 қыркүйектегі
№3/370-517 қаулысына қосымша

МӘЖБҮРЛЕП ИЕЛІКТЕН ШЫҒАРЫЛУҒА ЖАТАТЫН ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ТІЗБЕСІ

P/c №	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	Қулиев Ибрагим Ханайбасович	20-311-041-256	Мұратбаев көшесі, 44, 1 көлік жай	
2	Алиева Айнагул Аманқуловна	20-311-041-256	Мұратбаев көшесі, 44, 10 көлік жай	0,0016
3	Поминова Валентина Петровна	20-311-041-256	Мұратбаев көшесі, 44, 14 көлік жай	0,0020
4	Кокчебаев Ержан Турдахунович	20-311-041-256	Мұратбаев көшесі, 44, 17 көлік жай	
5	Кузнецова Евгения Борисовна, Кузнецов Артем Витальевич	20-311-041-256	Мұратбаев көшесі, 44, 19 көлік жай	
6	Райфельд Роман Викторович	20-311-041-256	Мұратбаев көшесі, 44, 20 көлік жай	0,0023
7	Ирицяң Артур Сергеевич, Уханов Евгений Викторович	20-311-041-256	Мұратбаев көшесі, 44, 26 көлік жай	0,0020
8	Лапина Елена Витольдовна	20-311-041-256	Мұратбаев көшесі, 44, 36 көлік жай	
9	Қуандыкова Зауреш Кадыровна	20-311-041-256	Мұратбаев көшесі, 44, 40 көлік жай	
10	Исаев Асан Махамедович	20-311-041-256	Мұратбаев көшесі, 44, 45 көлік жай	
11	Исаев Асан Махамедович	20-311-041-256	Мұратбаев көшесі, 44, 46 көлік жай	
12	Исаев Асан Махамедович	20-311-041-256	Мұратбаев көшесі, 44, 47 көлік жай	
13	Қоянбаев Асылбек Сейдалимулы, Мырзахметқызы Айгерім	20-311-041-256	Мұратбаев көшесі, 44Б, 12 тұрақ орны	тұрақ орны
14	Фоминский Сергей Александрович, Фоминская Лариса	20-311-044-002	Мақатаев көшесі, 135, 1 тұрақ орны	0,0028
15	Клименко Василий Николаевич	20-311-044-002	Мақатаев көшесі, 135, көлік жай 2	0,0026
16	Наливайко Татьяна Николаевна	20-311-044-002	Мақатаев көшесі, 135, 3 тұрақ орны	0,0029
17	Ким Рита Ивановна	20-311-044-002	Мақатаев көшесі, 135, көлік жай 4	
18	Вохмянин Владимир Анатольевич	20-311-044-002	Мақатаев көшесі, 135, 5 тұрақ орны	0,0026
19	Чемерис Эдуард Леонидович	20-311-044-002	Мақатаев көшесі, 135, 11 көлік жай	0,0028
20	Страшко Эмилия Ивановна, Страшко Елена Григорьевна	20-311-044-002	Мақатаев көшесі, 135, 15 тұрақ орны	0,0021+0,0007



21	Комиссаров Олег Абасович	20-311-044-002	Мақатаев көшесі, 135, көлік жай 16	0,0030
22	Сатыбалдиева Ирина Юрьевна, Сатыбалдиев Серик Сундешович	20-311-044-002	Мұратбаев (Мақатаев) көшесі, 135, 18 тұрақ орны	0,0030
23	Попов Андрей Львович	20-311-044-002	Мақатаев көшесі, 135, 19 тұрақ орны	0,0028
24	Беркова Надежда Николаевна, Куратов Сергей Георгиевич	20-311-044-002	Мақатаев көшесі, 135, 20 тұрақ орны	0,0030
25	Сомкин Роман Владимирович, Сомкина Олеся Александровна	20-311-044-002	Мақатаев көшесі, 135, 22 тұрақ орны	0,0030
26	Власенко Виталий Григорьевич	20-311-044-002	Мақатаев көшесі, 135, 25 тұрақ орны	0,0029
27	Зубенко Даниил Андреевич, Зубенко София Андреевна, Зубенко Светлана Александровна	20-311-044-002	Мақатаев көшесі, 135, 26 көлік жай	0,0026
28	Ахмедов Даулет Еркеқұлы	20-311-044-002	Мақатаев көшесі, 135, 29 тұрақ орны	
29	Сильченко Мария Кирилловна	20-311-044-002	Мақатаев көшесі, 135, 31 көлік жай	
30	Серигов Тимур Эрнестович	20-311-044-002	Мақатаев көшесі, 135, 32 тұрақ орны	0,0026
31	Самбетбаев Айтбай Амреевич	20-311-044-002	Мақатаев көшесі, 135, 34 көлік жай	0,0030
32	Жақып Гаухар Махмұтқызы, Ким Дмитрий Илларионович	20-311-044-002	Мақатаев көшесі, 135, 36 көлік жай	0,0028
33	Кокчебаев Ержан Турдахунович, Оспанова Жансая Маратқызы	20-311-044-002	Мақатаев көшесі, 135, 38 тұрақ орны	0,0020
34	Золотухина Светлана Геннадьевна	20-311-044-002	Мақатаев көшесі, 135, 41 тұрақ орны	0,0037
35	Кокчебаев Ержан Турдахунович	20-311-044-002	Мақатаев көшесі, 135, 43 тұрақ орны	0,0020
36	Демченко Галина Александровна	20-311-044-002	Мақатаев көшесі, 135, 44 тұрақ орны	0,0039
37	Берков Николай Яковлевич	20-311-044-002	Мұратбаев (Мақатаев) көшесі, 135, 49 тұрақ орны	0,0028
38	Қанағатов Мухит Дуйсенгазыевич	20-311-044-002	Мақатаев көшесі, 135, 52 көлік жай	
39	Полевой Михаил Евгеньевич	20-311-044-002	Мақатаев көшесі, 135, 53 көлік жай	
40	Мусабаев Рустам Рафикович	20-311-044-002	Мақатаев көшесі, 135, 54 көлік жай	0,0032
41	Григорьев Юрий Владимирович, Григорьев Виталий Юрьевич, Григорьев Алексей Юрьевич	20-311-044-002	Мақатаев көшесі, 135, 55 көлік жай	0,0028
42	Таргонский Евгений Петрович	20-311-044-002	Мақатаев көшесі, 135, 56 тұрақ орны	0,0030
43	Башмаков Владимир Николаевич	20-311-044-002	Мақатаев көшесі, 135, 57 көлік жай	0,0028
44	Абдуллаев Райдин Варисович	20-311-044-002	Мақатаев көшесі, 135, 60 көлік жай	0,0033
45	Абаева Галия Джилкибаевна	20-311-044-002	Мақатаев көшесі, 135, 62 көлік жай	0,0028
46	Лобов Анатолий Андреевич	20-311-044-002	Мақатаев көшесі, 135, 63 көлік жай	
47	Антонов Максим Александрович	20-311-044-002	Мақатаев көшесі, 135, 64 тұрақ орны	
48	Жармухаметова Бактыжамал Тлеубердиновна	20-311-044-002	Мақатаев көшесі, 135, 67 тұрақ орны	0,0028
49	Портнова Людмила Васильевна	20-311-044-002	Мақатаев көшесі, 135, 68 көлік жай	0,0030
50	Бақытбекова Айгүл Мухамирқызы, Бақытбеков Дәулет Бақытбекұлы	20-311-044-002	Мақатаев көшесі, 135, 69 тұрақ орны	0,0030
51	Эстис Моисей Яковлевич	20-311-044-002	Мақатаев көшесі, 135, 74 көлік жай	0,0026
52	Искакова Салима Султановна	20-311-044-002	Мақатаев көшесі, 135, 75 көлік жай	0,0028
53	Новоселова Татьяна Николаевна	20-311-044-002	Мақатаев көшесі, 135, 76 көлік жай	0,0028
54	Нуралинов Кенжеболат Тулепович	20-311-044-002	Мақатаев көшесі, 135, 77 тұрақ орны	0,0028
55	Катанцев Антон Юрьевич, Катанцева Татьяна Андреевна	20-311-044-002	Мақатаев көшесі, 135, 78 көлік жай	
56	Абдыкулова Акмарал Базарбаевна	20-311-044-002	Мақатаев көшесі, 135, 81 тұрақ орны	0,0028
57	Шутов Валерий Владимирович	20-311-044-002	Мақатаев көшесі, 135, 82 тұрақ орны	0,0028
58	Козлова Галина Александровна, Фёдорова Елена Владимировна, Герасименко Ольга Владимировна	20-311-044-002	Мақатаев көшесі, 135, 83 көлік жай	0,0028
59	Поправкина Татьяна Юрьевна, Поправкин Михаил Юрьевич	20-311-044-002	Мақатаев көшесі, 135, 84 көлік жай	
60	Сатыбалдиев Рашид Муталипович	20-311-044-002	Мақатаев көшесі, 135, 85 тұрақ орны	
61	Туманов Вячеслав Михайлович, Туманова Наталья Михайловна	20-311-044-002	Мақатаев көшесі, 135, 86 тұрақ орны	
62	Польшин Сергей Михайлович	20-311-044-002	Мақатаев көшесі, 135, 87 көлік жай	0,0026

2023 жылғы 4 қыркүйектегі №3/370-518

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына және Алматы қаласы әкімінің қатысуымен 2023 жылғы 15 шілдедегі аралап өту хаттамасының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ортақ пайдаланудағы объектілердің құрылысы үшін (балалар шұғыл медициналық жәрдем орталығының аумағын кеңейту және жолды ұйымдастыру), Алматы қаласы Бостандық ауданы, Манас көшесі, 34А мекенжайы бойынша орналасқан жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүліктерді осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін ескертсін және жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің
2023 жылғы 4 қыркүйектегі
№3/370-518 қаулысына қосымша

МӘЖБҮРЛЕП ИЕЛІКТЕН ШЫҒАРЫЛУҒА ЖАТАТЫН ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ТІЗБЕСІ

Р/с	Жер учаскесі меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	Билетков Георгий Борисович	20-313-002-024	Бостандық ауданы, Манас көшесі, 34А	0,1908 (үлесі – 0,0954)
2	Билетков Георгий Борисович, Билетков Егор Георгиевич	20-313-002-024	Бостандық ауданы, Манас көшесі, 34А	0,1908 (үлесі – 0,0954)

ЖЕДЕЛ ЖЕЛІ

Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының қолдауымен медиация институтын дәріптеу және дауларды шешуге бағытталған жоба іске асып жатыр. Осы жоба аясында мемлекеттік және орыс тілдерінде құқықтық және медиативтік консультациялар беру мақсатында **8 707 760 76 02 жедел желі нөмірі** іске қосылғанын хабарлаймыз. Жобаны ұйымдастырушы: «**Social project management**» орталығы» қоғамдық қоры.

БОС ОРЫН

Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасының ШЖҚ
«№2 Қалалық перинаталдық орталық» МКК Директор бос лауазымына
байқаулық іріктеу

Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасының ШЖҚ «№2 Қалалық перинаталдық орталық» МКК бақылау кеңесі (*бұдан әрі – Бақылау кеңесі*), Алматы қаласы, Медеу ауданы, Жангелдин көшесі, 28/20-үй, анықтама телефоны: **8 (727) 397-63-59 электрондық пошта: roddom2st@mail.ru**, Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасының ШЖҚ «№2 Қалалық перинаталдық орталық» МКК «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы ҚР ДСМ-№305/2020 бұйрығымен бекітілген Денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттамаларына сәйкес және денсаулық сақтау саласындағы Бақылау кеңесі бар шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның атқарушы органының немесе алқалы атқарушы органы басшысының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын басшысының бос лауазымына байқау өткізу қағидаларында көзделген тәртіппен, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы ҚР ДСМ-№58/2020 бұйрығымен бекітілген, директордың бос лауазымына орналасуға байқау жариялайды.

Байқауды өткізу күні:

1. Құжаттарды қабылдаудың басталу күні: **04.09.2023 ж., сағат 9.00-ден бастап.**

2. Құжаттарды қабылдаудың соңғы мерзімі: **19.09.2023 ж., сағат 9.00-ге дейін.**

– осы хабарландыру жарияланған сәттен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде кәсіпорынға құжаттарды ұсыну;

– бақылау кеңесі ұсынылған құжаттардың лауазымға, біліктілік талаптарына сәйкестігін қарайды және құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде қатысушыларды әңгімелесуге жіберу туралы шешім қабылдайды.

– бақылау кеңеспен әңгімелесу өткізу – кандидаттарды жіберу туралы шешім қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

Байқауды өткізу орны: Алматы қаласы, Медеу ауданы, Жангелдин көшесі, 28/20-үй.

Кәсіпорынның негізгі қызметі – медициналық қызмет.

Кәсіпорын басшысының негізгі лауазымдық міндеттері:

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы №305/2020 ҚР ДСМ бұйрығымен бекітілген Денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттамаларына, сондай-ақ «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының заңында көзделген міндеттерге сәйкес.

Байқау қатысушыларына қойылатын талаптар:

Байқауға қатысушы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы №305/2020 ҚР ДСМ бұйрығымен бекітілген республикалық, облыстық, аудандық және қалалық маңызы бар денсаулық сақтау ұйымдары және (немесе) денсаулық сақтау саласында ақпараттандыруды жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымы және (немесе) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы Республикалық маңызы бар ұйым басшысына (бас директор, директор) қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Байқауға қатысуға ниет білдірген адам конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы №58/2020 ҚР ДСМ бұйрығымен көзделген құжаттарды ұсынады.

Байқауға қатысуға ниет білдірген тұлғалар құжаттарын кәсіпорынның кадр қызметіне қолма-қол тәртіпте, пошта арқылы немесе электрондық пошта мекенжайына электронды түрде жібереді: **roddom2st@mail.ru**

Құжаттардың түпнұсқасы әңгімелесу басталғанға дейін бір сағаттан кешіктірілмей тапсырылуы тиіс. Егер олар ұсынылмаса, адам әңгімелесуден өтуге жіберілмейді.



БҮГІН – АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ТУҒАН КҮНІ



5 қыркүйек – Алаш қозғалысының рухани көсемі, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының негізін қалаушы, ақын әрі аудармашы, публицист Ахмет Байтұрсынұлының дүниеге келген күні. Қазақтың тәуелсіз болуын, мәдениеті мен өркениеті арқылы заманауи елдердің қатарынан орын алуын армандаған зиялылардың көш басында тұрған ұлт жанашыры туралы білгіміз келетін ақпарат әлі де көп. Ұлт ұстазының туған күні қарсаңында біз Қ.И.Сәтбаев

атындағы ҚазҰТЗУ-нің профессоры Досалы САЛҚЫНБЕК ағамызбен жолығып, сұхбаттасқан едік.

– Досалы Исаханұлы, Ахмет Байтұрсынов – Ұлт ұстазы десе, құлағы елең етпейтін қазақ жоқ шығар! Дейтұрғанмен, қалай ойлайсыз, Ұлт ұстазының мұраларын толық танып болдық па? Бүгінгі жас ұрпаққа жеткізілуі қай деңгейде?

– *Сұрағыңызға, ұлт ұстазының: «Тән көмілер, көмілмес еткен ісім, Ойлайтындар мен емес бір күнгісім. Жұрт ұқпаса, ұқпасын, жабықпаймын, Ел – бір күншіл, менікі – ертеңгі үшін»,* – деген өлең жолдарымен жауап беруден бастайын. Ұлт ұстазының бүгінгі ұрпаққа қалдырған ғылыми мұрасы өз құндылығын еш уақытта жоғалтпақ емес. Қайта оны терең таныған сайын оның маңызы одан сайын артып келеді. Қайраткер Ресей империясының билігі және кеңестік билік кезінде көп кұғындалды. Басқан ізі әндулы болды. Бұл оның еркін түрде көсіліп, жұмыс істеуіне көп кедергі келтірді. Сонымен қатар, ол 1929 жылы және 1937 жылы тұтқындалғанда НКВД-ның жөндеттері оның үйін түгел тінтіп, көптеген еңбектерін, қолжазбаларын алып кеткен. Көптеген еңбектерінен осылайша айырылып қалдық.

«Үмітсіз шайтан» дейді ғой халқымыз, ахметтанушы ғалымдарымыз бұл салада ізденісті жұмыстарды жалғастырып келеді. Алла қаласа, Ахмет ағамыздың там-тұмдап болса да кейбір еңбектері табылып жатса, соның өзі үлкен рухани олжа болар еді. Ал енді бүгінгі ұрпаққа ұлт ұстазының мұраларын оқыту, насихаттау, санасына жеткізу жолында көп жұмыстарды атқару міндеті алдымызда тұр. Әлеуметтік желіден, ұлтжанды азаматтарымыздың 1 қыркүйек – Білім күні Ахмет Байтұрсынұлы күні деп атау жөнінде ұсыныстар тастап жатқанын көріп қалдым. Өте орынды ұсыныс! Үздік оқитын мектеп оқушылары Ахмет аталарының суреті бейнеленген алтын түстес белгіше (значок), орташа оқитындар күміс белгіше тағып жүрсе, қандай жарасымды болар еді. Ұлт ұстазының бейнесін кездесінде тағып жүру қандай мақтаныш десеңізші! Осындай танымды-тәрбиелі жұмыстарды қолға алуды Оқу-ағарту министрлігіне құлаққағыс етеміз. Республикамыздағы барлық мектептерде «Ахметтану» орталықтары ашылса, нұр үстіне нұр болар еді. Ұлт ұстазының баға жетпес мұраларын бүгінгі ұрпақтың санасына жеткізудің аса маңыздылығын түсінген адамға атқарылар жұмыстар жеткілікті...

– Досалы аға, Ахмет ағамызды ағартушы-педагог, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының негізін салушы ғалым, ақын ретінде білеміз де, саяси қайраткерлік жолы қалтарыста қалып қойған секілді. Бұл жөнінде не айтасыз?

– Ахмет Байтұрсынұлы ХХ ғасырдың бас кезінде қазақ білімі мен ғылымының Хантәңірі болумен қатар, қоғам және мемлекет қайраткері болды. ХХ ғасырдың бас кезінен бастап, халқымыздың басқа да қайраткерлерімен иық тіресе отырып, қазақ жері үшін күресті. «Жер мәселесі – қазақтың тірі, я өлі болу мәселесі» деді. Бұл мәселенің артында тіл мәселесі, халқымыздың ұлт болып ұйысу мәселесі, елдігімізді қорғау мәселесі тұрды. Қазір де солай. Осы жолда қазақ қайраткерлері 1905 жылы «Алаш» саяси ұйымын құрған болатын. Ұлт ұстазының «Қазақ» газетін ұйымдастырып ашудағы басты мақсаты да қараңғылықта ұйықтап жатқан халқын, маса болып ызындап оятумен қатар, саяси санасына қозғау салып, бостандық жолындағы қасиетті күресте жол көрсету болғанын да естен шығармайық. Осы «Қазақ» газеті кейіннен «Алаш» партиясының ресми органына айналды емес пе! 1917 жылы шілде айында бірінші жалпықазақ құрылтайында бұл саяси ұйым қазақ жеріндегі тұңғыш құрылған ұлттық негіздегі «Алаш» саяси партиясы болып құрылды. Оның 10 тармақтан тұратын бағдарламасы болды. Партияны құру, бағдарламасын жасау жұмыстарының басы-қасында болған бірегей тұлғалардың бірі – Ахмет Байтұрсынұлы болатын. 1917 жылы желтоқсан айында жалпықазақ екінші құрылтайында «Алаш» автономиясы құрылғаны тарихтан мәлім. Бұл автономияның «Алашорда» атты басқару үкіметінің құрамына Ахмет Байтұрсынұлы кірді. Кеңес өкіметі орнағаннан

АҚИҚАТТАН АЙНЫМАҒАН
ҰЛТ ҰСТАЗЫ

кейін, артынша-ақ азамат соғысы басталып кетті де, алаштықтар екі оттың ортасында қалып қойды. Алаштықтардың азамат соғысы жылдарындағы іс-әрекеттері өз алдына жеке бір әңгіменің арқауы. Ұлт ұстазының кеңестік билік кезеңіндегі қызметіне тоқталатын болсақ, 1919 жылы сәуір айында кеңестік билік алаштықтарға амнистия жариялағаннан кейін, оның шығыс бөлігі кеңес өкіметі жағына шықты. Ахмет Байтұрсынұлы Кеңестік биліктің қазақ жерінде құрылған алғашқы ресми органы Қазақ жерін басқару жөніндегі революциялық комитеттің құрамына кірді. «Менің идеалым қазақ халқының тұрмыс жағдайын, мәдениетін мүмкін болғанша көтеру, ал мұның өзі оның игілікті дамуының алғышарттары болғандықтан, мен осы мұратты қандай билік қамтамасыз ете алса, соған риза болмақпын» деген, өз ұлтының адал перзенті ендігі кезекті кеңестік биліктің құрамында бола жүріп, өз халқына пайдалы қызмет етуге кіріседі. Он бес айдай жұмыс істеген революциялық комитеттің құрамына кірген Ахмет Байтұрсынұлы оның белді мүшесі болып, төрағаның орынбасары ретінде Ревком шешкен, қараған барлық мәселелерге белсенді араласып, өзінің ұлт мүддесін қорғауға бағытталған ұсыныс-пікірлерін бағыл білдіріп отырды. Әсіресе, Ақмола мен Семей облыстары, Қостанай уезі үшін Сібір ревкомымен арадағы талас-тартыс барысының алдыңғы шебінде Ахмет Байтұрсынұлы тұрды. Ұлт ұстазын байырғы қазақ жерлерінің біртұтастығын сақтау жолында табанды түрде күрескен және соған қол жеткізу жолында бар күш-жігерін аямаған қайраткер деп білеміз. Яғни ата-бабаларымыздың қанымен орныққан қасиетті жеріміздің аймақтық тұтастығын қайта қалпына келтіру жолындағы күресте Ахмет Байтұрсынұлының еңбегі зор деп айтсақ болады.

Ахмет Байтұрсынұлы 1920 жылы 15 сәуірде БК(б)П Орынбор комитетінің атына өзін партия қатарына алуды өтінген арызын береді. Қайраткер өзінің партия қатарына өтуге шешім қабылдауының себебі жөнінде: «Барлық мәселе партия жиналыстарында шешілетініне көзім жетті. Қазақ халқы үшін өмірлік маңызы бар мәселелерді шешерде одан тыс қалмау мақсатында мен партияға өтуге шешім қабылдадым», – деген болатын. 1920 жылы қазан айында Қазақ кеңестік социалистік автономиясы құрылған кезде Ахмет Байтұрсынұлы кеңестік негізде құрылған үкіметтің құрамына кіріп, ҚАКСР Халық ағарту халкомы болды. Бірақ Ахмет Байтұрсынұлының үкіметтің құрамындағы қызметі де, партия қатарында болуы да ұзаққа созылмады. Бос сөзі көп, сөзі мен ісі қабыспайтын кеңестік биліктің іс-әрекетіне наразылығын ашық айтып, қазақ халқының ұлттық мүддесін жан-тәнімен қорғаған қайраткердің күресін кеңестік билік ұлтшылдыққа жатқызып, жұмыс істеуге мүмкіндік бермеді. Ахмет Байтұрсынұлы өзінің неге саясатпен айналысқандығы жөнінде: «Мен ешқандай саяси қайраткер емеспін, мәдениет қызметкерімін. Менің саясатпен айналысуым өзімнің негізгі мақсатымды іске асыру қажеттілігінен туындады. Ондай негізгі мақсатым – қазақ халқының мәдени деңгейін көтеру болатын» деп жазады. Бұдан кейінгі жылдары ұлт ұстазы қол қусырып қарап отырды дей алмаспыз. Ол халқымыздың рухани жан-дүниесіндегі мәдениет, оқу-ағарту майданының алдыңғы шебінен көрінді.

– Ахмет Байтұрсынұлына тағылған саяси айыптауларға тоқталып өтсеңіз...

– Ол 1928 жылы қыркүйек айында Алматы қаласына келіп, Қазақ педагогикалық (қазіргі Абай атындағы ҚазҰПУ) институтына профессор



лауазымында оқытушы болып орналасады. Бұл кезең Голощекин халқымыздың тағдырына қатысты өмірлік маңызды мәселелерді жалғыз өзі шешіп жатқан аса қиын кезең еді. Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай: «бұл кезең әрбір қазақ коммунисті өзін жақсы коммунист етіп көрсету үшін алашордалықтарға қарсы бірдене айту қажет болып жатқан» уақыт болатын. Ахмет Байтұрсынұлы Алматыда 1929 жылы маусымда тұтқындалып, оған «Кеңес өкіметіне қарсы контрреволюциялық ұйым құрды, Орта Азиялық пантүркішілдік ұйымның басшысы Валидовпен байланысты болды, Қазақстанда қарулы көтеріліс дайындады» деген айып тағылды. Қайраткер 1930 жылы 4 сәуірде ОГПУ алқасының шешімімен РКФСР қылмыстық кодексінің 58-бабының 2,4,10 және 11-тармақтары бойынша айыпталып, ату жазасына кесіледі. 1931 жылы 8 қаңтарда ОГПУ алқасының шешімімен бұрынғы ату жазасына шығарылған үкімнің күші жойылып, 13 қаңтарда қайта қаралған іс 1927 жылы 9 маусымда КСРО Орталық атқару комитетінің қаулысының негізінде ату жазасы 10 жыл бас бостандығынан айыру жазасына алмастырылады. 1932 жылы 4 қарашада ОГПУ-дың қаулысы бойынша жазасын концлагерьде өтеу мерзімі Архангельск қаласына үш жылға жер аударумен алмастырылады. Ахмет Байтұрсынұлы денсаулық жағдайының нашарлауы және М.Горькийдің әйелі П.Пешкованың бүкіләлемдік Қызыл крест ұйымының атына жазықсыз азап шеккендерге көмектесу жөнінде жазған хаты себепші болып, 1934 жылы айдаудан мерзімінен бұрын босатылып, Алматы қаласына келеді. Айдаудан қайтып келгеннен кейін де көп қиындықты басынан өткерген. Қайда барса да жұмысқа алмады. Уақытша бір мекемелерде аударма ісімен, жеке орыс балаларына қазақ тілін үйрету сынды ұсақ-түйек жұмыстармен күнкоріс үшін айналысуға мәжбүр болды. Тар заманның осындай тауқыметін тартып жүргенде, бүкіл Кеңестер елін қамтыған Сталиндік жаппай қуғын-сүргін басталған еді. Оның алғашқы толқынына Алаш қайраткерлері ілікте.

– Олай болса, ұлт ұстазының өмірінің соңғы кезеңі жөнінде толығырақ мағлұмат бере аласыз ба?

– Ұлт ұстазы 1937 жылдың 13 тамызы күні РКФСР қылмыстық кодексінің 58-бабының 10, 11-тармақтары, яғни контрреволюциялық ұлтшыл ұйымның мүшесі, революцияға қарсы белсенді күресуші ретінде тұтқындалған. Одан алғашқы тергеу жауабы 1937 жылы 17 тамыз күні алыныпты. Онда Ахмет Байтұрсынұлы Алаш қайраткерлерінің кеңес өкіметіне қарсы шығу себебі жөнінде: «Біз бұл социалистік революцияға қарсы болдық. Өйткені, мал шаруашылығы басым болған және мәдени дамудың төмен деңгейінде социалистік қырғысқа өту мүмкін емес деп есептедік. Осы сәттен бастап мен және менің жақтастарым кеңестік билікке қарсы болдық» деп ашық түрде жауап беруден қатар, «Алаш» партиясының, Алашорда үкіметінің не үшін құрылғанын, қызметін бүкпесіз баяндайды. Алғашқы тергеу сұрақтары 1917 жылғы саяси оқиғалардан басталып, 1934 жылы айдаудан қайтып келгеннен кейінгі кезең аралығындағы Ахмет Байтұрсынұлының «контрреволюциялық» іс-әрекеттері төңірегінде өрбіген. НКВД тергеушілері 1937 жылы 2 қазан күні екінші жауап алыпты. Ахмет Байтұрсынұлының тергеу материалдарына қатысты ерекше назар аударып қарайтын болсақ, ол айдаудан қайтып келгеннен кейінгі өзіне тағылған жалған саяси айыптауларды

мойындамаған. Қаншама азаптап кинаса да, НКВД-ның жөндеттері жалған жаланы мойындатқыза алмапты. Ұлт жанашырымен бірге қамауда болған куәгерлердің айтуынша, қайраткер соңғы тергеу үстінде қатты құлап, есінен танып қалғаннан кейін, екі күзетші камераға көтеріп кіргізген. Сонымен, 1937 жылдың 25 қарашасында шығарылған айыптау қорытындысында Ахмет Байтұрсынұлына «Контрреволюциялық «Алаш» партиясы және «Алашорда» үкіметінің ұйымдастырушысы, 1917–1919 жылдары Кеңес өкіметіне қарсы белсенді күрес жүргізді, Қазақстанда Кеңес өкіметі орнағаннан кейін де ол кеңес өкіметінің бітіспес жауы болды, Кеңес өкіметіне қарсы ұйым құрды, 1926 жылы Баку қаласында құрылған пантүркішіл орталықтың құрамына кірді, 1927–1928 жылдары кеңестік биліктің жерге орналастыру, байларды тәркілеу істеріне қарсылық ұйымдастырды, 1929 жылға дейін басқа ұлттық республикалардағы контрреволюциялық ұйым мүшелерімен, контрреволюциялық ұлтшыл кеңестік ұйымдардың басшылары Рысқұлов, Сәдуақасов, Қожановтармен байланыста болды, айдаудан қайтып келгеннен кейін Алматы қаласында 1937 жылы жасырын «Түркі халықтық партиясының» белсенді мүшелерінің бірі Гайнике Қабдалиевамен байланыс жасады» деген негізсіз, дәлелсіз жалған саяси айыптар тағылып, осы айыптаулардың негізінде Алматы облыстық УНКВД үштігінің шешімімен ату жазасына кесілген. Шешім 1937 жылғы 8 желтоқсан күні орындалған.

– Тарихтан белгілі, Хрущевтің «жылымығы» жылдары көптеген жазықсыз айыпталған, сотталған «халық жауы» деп қараланған қайраткерлердің есімдері ақталды. Бірақ «Алаш» қайраткерлерінің есімдері ақталмады. Оның ішінде Ахмет Байтұрсынұлы да бар. Не себепті деген сұрақтың қойылатыны заңды шығар?

– Бұл сол тағы да, сүркия кеңестік жүйенің екіжүзділігінің көрінісі. Мәселен, 1958 жылы маусым айында республикалық прокуратура органдарының сұратуы бойынша Ахмет Байтұрсынұлының ісі оған тағылған айыптаудың негізділігін қосымша тексеру үшін ұлттық қауіпсіздік комитетіне жолданады. Қосымша тергеудің қорытындысында қайраткердің 1930 жылы контрреволюциялық әрекеттері үшін қылмыстық жауапқа тартылғаны, 1935–1937 жылдары антисоветтік әрекеттер жасады деп тағылған айыптаулардың дәлелденбегені және Ахмет Байтұрсынұлының 1930 жылдарға дейін жасаған қылмысы үшін жауапқа тартылғаны, сондықтан оны 1937 жылы соттауға ешқандайда негіз жоқ екені айтылумен қатар, кеңес өкіметінің алғашқы жылдарындағы белсенді контрреволюциялық әрекеттерін ескеріп, Алматы облыстық УНКВД үштігінің 1937 жылы 25 қарашадағы шешімін қайта қарау негізсіз деп санаймыз деген шешім шығарған. Бұны нағыз екіжүзділік демегенде не дейміз? Кеңестік билік «Алаш» қайраткерлерінің есімдерін Қазақ халқының жадынан мүлдем өшіруге барлық әрекеттер жасағанын көріп отырмыз. Бірақ кеңестік озбыр билік «Алаш» қайраткерлерінің есімдерін қаншама қарап, халқымыздың санасынан тұмшаласа да, тұлғалардың ардақты есімдері бүгінгі тәуелсіз еліміздің тарихында өзінің лайықты орнына қайта оралды. Ахмет Байтұрсынұлы 1998 жылы қараша айында толық ақталды.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



● МЕРЕЙТОЙ

«ХАЛҚЫМА БЕРГЕНІМНЕН БЕРЕРІМ КӨП» дейді сан қырлы талант

ҚР Ұлттық кітапхананың Н.Дәулетова атындағы залында белгілі балалар жазушысы, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, «Еңбек Қызыл Ту» орденінің иегері Пернебай Дүйсенбиннің 80 жылдық мерейтойына орай, «Дарынымен дараланған дарабоз» атты «Дөңгелек үстел» өткен еді. Аталмыш іс-шараға белгілі жазушылар, өнертанушылар, ғалымдар, өнер адамдарымен қатар жазушының шәкірттері қатысты. «Дөңгелек үстелді» белгілі қаламгер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Президент сыйлығының лауреаты Қали Сәрсенбай ашып, жүргізіп отырды.



Суретті түсірген Самат Құсайынов.

Алғашқы сөзді ҚР Жазушылар одағы басқарма төрағасының орынбасары Бауыржан Жақып алып, қаламы қарымды, шынайы талантты қазақ әдебиетіне қосқан еңбегі туралы айтып, шығармашылығына жоғары баға берді. Шалғай ауылдан арнайы келген Жайылма ауылдық округінің әкімі Жандарбек Смағұлов, Қазақстан Жазушылар одағы Жамбыл облыстық филиалының төрағасы Хамит Есаман, Сарысу аудандық Орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры Айтбала Жолмаханова жерлес жазушының қазақ прозасына үлес қосқанын мақтанышпен атап өтті. Жазушының танымал қаламдастары Марфуға Қожахметова, Айша Көпжасарова, Әлия Бөпежанова сөз алып, өздерінің ізгі лебіздерін білдірді. Жазушы-ұстаздан дәріс алған дәстүрлі әншілер Сәуле Жанпейісова, Ардақ Исатаева, опера әншісі Торғын Смайылова, жазушы Болатбек Төлепберген, қобызшы Саян Ақмолда әдемі естеліктер айтып, кештің шырайын ашты. Осылайша бір басына бірнеше өнер қонған, сан қырлы таланттың қаламгерлігі ғана емес, адами қасиеті туралы да кеңінен айтылды.

Жалпы, әдебиет әлемінде Пернебай Дүйсенбиннің есімі Машкар Гумеров, Марат Қабанбай, басқа да танымал жазушылармен қатар аталады. Бұл, ең алдымен, жазушының ешкімге ұқсамайтын өзіндік қолтаңбасының, шеберлігінің бар екендігін айқындаса керек. Еңбекқор, ізденімпаз жанның әдебиет әлеміне келуі де сол еңбексүйгіш қасиетінен екені анық. Сонау 1960 жылы мектеп бітіре сала, бозбала Пернебай еңбекке араласып, совхозда құрылысшы болды. Бірақ «алмас кездік қын түбінде жатпайды» демекші, әдебиетке деген құштарлығы жеңді. Мектепте оқып жүрген жылдары тырнақалды туындылары, өлендері мен әңгімелерін газеттерде жариялады. 1958 жылы оның салған суреттері Москвадан шығатын «Пионерская правда», Алматыдан шығатын «Дружные ребята» газеттерінде жарияланып, көпке танылды. Мәселен, 1995 жылы Жеңістің 50 жылдық мерекесіне орай салған «Қос Қыран. Бауыржан мен Панфилов» картинасы қазіргі кезде Жуалы ауданындағы Б.Момышұлы мұражайында тұр.

Қаламгер П.Дүйсенбин әл – Фараби (бұрынғы Киров) атындағы ҚазМУ-дың Журналистика факультетіне түсті. Университетте оқып жүрген жылдары қазақ өнері, бейнелеу өнері, әлемдік деңгейдегі ұлы тұлғалардың еңбектері, атап айтқанда Леонардо да Винчи, Сикейрос, Рылов, Коненков, Сарьян, Левитан, Орал Таңсықбаев, Шара Жиенқұлова, Айша Ғалымбаева туралы мақалалары жиі жарияланып, өз оқырманын тапқан еді. Танымал тұлғалар туралы жазған шығармалары өз бағасын алды. Үнемі ізденіс үстінде жүретін тынымсыз жан – Пернебай Дүйсенбин 1990 жылдан КСРО және 1994 жылдан Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. «Жұмбақ жұлдыз», «Кішкентай генералдар», «Ән салыңызшы, Әке», «Елгезек ертегілер елінде», «Тектінің тұяғы еді» атты кітаптардың авторы. 2003 жылы тарихи-танымдық «Шежірелі Сарысу», 2007 жылы «Үркердей болып көшкен жұрт...», 2008 жылы «Сарысунама» атты тарихи-деректік кітаптарын шығарды. Сонымен қатар, Қазақстан Жазушылар одағы мен республикалық «Жалын» баспасы бірлесіп өткізген жабық бәйгенің 1979, 1980, 1981, 1986 жылдардағы лауреаты. 1994 жылғы республикалық «Балауса» баспасының, 1996 жылғы «Парасат» журналының лауреаты. 2013 жылы Халықаралық «Дарабоз» бәйгесінің II жүлдесін, Жамбыл облыстық «Үздік журналист» конкурсының I жүлдесін иеленді. 2015 жылы «Есен-сау жүрінізші, асыл Ата» атты повесі Халықаралық «Дарабоз» бәйгесінің Бас жүлдесіне ие болды.

«Халқыма бергенімнен берерім көп» дейді жаны да, жүрегі де өнерді сүйетін сан қырлы талант Пернебай Дүйсенбин.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне
2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 600,50 теңге, 3 айға – 1801,50 теңге, 4 айға – 2402 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1620,50 теңге, 3 айға – 4861,50 теңге, 4 айға – 6482 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 440,50 теңге, 3 айға – 1321,50 теңге, 4 айға – 1762 теңге
Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

● ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Енді «Almaty aqshamy» газетіне жазылу үшін post.kz сайты немесе мобильді қосымшасын пайдаланып, **онлайн** ресімдеуге болады. Жылдам іздеу жолағында сіз қажетті басылымды тауып, жазыла аласыз. Рәсімдеу үшін сізге жиынтықтардың санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің банктік картасымен төлем жасау керек. Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жүзеге асырылады. Қызмет түрі 24/7 қолжетімді. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» баспа нұсқасына жазылумен бірдей.

Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжайыңыз бойынша **Post.kz.** қызметі арқылы жүзеге асырылады.

«Almaty aqshamy» газеті Алматы мен Астана қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

- * мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
- * бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
- * әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

- * құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
- * құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

«Almaty aqshamy» жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.
Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері
сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел.: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел.: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық
жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел.: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел.: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел.: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 293-08-12.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және
тарату бөлімінің менеджері –
Әсел ТАШИБАЕВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел.: 293-08-12.

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-
саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.
Апталық
таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Олжас ЖОЛДЫБАЙ

Газет Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық даму
министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№KZ80VPY00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында теріліп,
беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші
жауап береді.
Автордың мақалалары редакция
көзқарасын білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы қаласы,
Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің
электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортндағы
жолаушыларға қолжетімді.



ТҰЛФАТАНУ

ҚАЗАҚ ДЕТЕКТИВІНІҢ АТАСЫ

Көрнекті жазушы Кемел Тоқаевтың туғанына – 100 жыл

Биыл Екінші дүниежүзілік соғыстың ардагері, журналист-жазушы, қазақ әдебиетінде шытырман оқиғалы детектив жанрының іргесін қалаушы қарымды қаламгер Кемел Тоқаевтың 100 жылдығы ел көлемінде атап өтілуде.

Айнабай
МӘДИ

Әлемге әйгілі детектив-жазушы Агата Кристи секілді, қазақ мәдениеті мен әдебиетіне сүбелі үлес қосқан қабырғалы қаламгер, «қазақ детективінің атасы» атанған жазушы Кемел Тоқаев 1923 жылы 2 қазанда қазіргі Жетісу облысы, Қаратал ауданында дүниеге келген. Кемел Тоқаевтың отбасы отызыншы жылдарғы ұжымдастыру шырғалаңында жат жерге қоныс аударуға мәжбүр болып, аштықтан аман қалу жолында түрлі қиындықты бастан өткерді. Кемелдің анасы мен қарындасы зұлматта көз жұмды. Бауыры екеуі жетім жүріп жетілді, ержетті.

Майдан даласына аттанған батыл бозбала ерлігімен танылған батыр жауынгер атанып, Украина, Беларусь, Польшаны неміс-фашистен азат етуге қатысты. Қан майданда әлденеше рет ауыр жарақаттануы салдарынан елге оралған жаужүрек жауынгер сұрапыл соғыста батырлығы үшін «Ерлігі үшін», «Сталинградты қорға-



Көрнекті жазушы Кемел Тоқаевтың 100 жылдық мерейтойына орай, «Кемел қаламгер» республикалық шығармашылық байқауы жарияланды. Жетісу облысында жазушының 100 жылдығына байланысты мәдени-көпшілік іс-шаралары ұйымдастырылды. Салауатты өмір салтына орайластырылған спорттық жарыстарда қазақ күресінен әлемдік дода өтіп, ат шаптырылып, аламан-бәйге мәресіне жетті.

ғаны үшін» медальдарымен наградталды.

Өр кеуделі есіл ер соғыстан соң Қазақ ұлттық университетінде оқып, «Лениншіл жас», «Қазақстан пионері», «Социалистік Қазақстан» республикалық басылымдарында журналист болды. Қазақ КСР Жо-

ғарғы кеңесі «Ведомостінде» бас редактор, Қазақстан Жазушылар одағында әдеби кеңесші болды. Жауынгер-жазушы детектив жанрына ден қойды. Оннан астам кітабы қазақ және орыс тілінде жарық көрді. «Қазақ детективінің атасы» атанған жазушы К.Тоқаев – тек қазақ жұртына емес, бүкіл ортаазиялық әдебиетте детектив жанрының негізін салушы.

«Қайраткердің еңбегі тұтас түркі жұртына ортақ мұраға айналды. Әсіресе, детектив жанрында жазылған шығармалары болашақ ұрпақ үшін құнды. Таяуда Өзбекстанның Ұлттық кітапханасы детектив жанрының шебері Кемел Тоқаевтың шығармаларымен толықты. Ташкенттегі жазушының 100 жылдық мерейтойын ұйымдастыруға еліміздің ұлттық кітапханасы ұйытқы болды. Парасат биігінен көрінген қаламгердің әрбір шығармасы – қазақ әдебиетіндегі қайталанбас туынды», – дейді Алматыдағы республикалық Ұлттық кітапхананың директоры Бақытжамал Оспанова.

Ұлттық кітапхана мерейтойға арнайы көрме ұйымдастырды. Мұндай іс-шара Өзбекстанда ғана емес, Қырғызстан мен Ресейде де өтті. Тұтас түркі өркениетінің даму жылында жазушының бай мұрасы кең тыныс алмақ. «Жұлдызды жорықтан» бастап, «Соңғы соққы», «Түнде атылған

оқ», «Сарбағанда болған оқиға» атты шығармалары оқырман қауымның детектив жанрына аса қызығушылығын туғызды.

Жазушының туған жері – Жетісу облысы, Қаратал ауданы, Үштөбе қаласындағы №1 орта мектепке қаламгердің есімі берілген. Мұнда Кемел Тоқаев қоры жұмыс істейді, ұстаздар мен студенттер оның шығармашылығын зерттеп, зерделеуде. Жазушы атындағы жеке қайырымдылық қордан еліміздің, алыс-жақын шетелдердің жоғары оқу орны мен колледждеріне түсу үшін аз қамтылған отбасы мен әлеуметтік осал топтан шыққан мектеп тұлғаларына грант бөлінеді. Білім ошағында жазушының атындағы мұражай мен кеңсе, аллея мен саябақ бар.

Мектеп мұражайы 1997 жылы ашылған. Мұражайда майдангер жазушының өміріне қатысты 30-дан астам жәдігер – жазушы алған марапаттар мен домбыра, жазу мәшіңкесі мен Қазақ КСР Ішкі істер министрлігінен берілген арнайы жазуы бар сағат сынды жеке заттар бар. Мұражайға қаламгердің шығармашылығына қызығатындар өңірден ғана емес, еліміздің сан тарапынан келуде. «Ғалымның хаты өлмейді...» дегендей, бұл да болса, жазушының жасампаз туындыларына деген ел құрметі деп білеміз.



ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ЖҰМЫС ІЗДЕП ЖҮРСЕҢІЗ...

13 қыркүйекте «Арбатта» өтетін жалпықалалық бос орындар жәрмеңкесіне келіңіз!

Бүгінгі таңда күн тәртібінен түспей келе жатқан мәселелердің бірі – жұмыссыздар санын азайту. Бұл бағытта Алматыда ауқымды іс-шаралар жүргізілуде.

Жәрмеңке өткізудің мақсаты – жастар мен оқу орындарының түлектері және жұмыс іздеушілер үшін жұмыс орындарының қолжетімділігін кеңейту, лайықты үміткерлерді тарту арқылы жұмыс берушілер үшін жалдау процесін жеңілдету және олардың жұмысқа орналасуына олардың жәрдемдесу.

Жәрмеңкеге өнеркәсіп, өндіріс, сауда желілері, тамақта-

ну, медицина, фармацевтика, білім беру салаларынан жұмыс берушілер қатысады. Онда жұмыс берушілер ізденушілермен кездеседі. Ал ізденушілер қойылған талаптар мен бос жұмыс орындарымен танысады. Оған қоса, өтініш берушілер түйіндемені жіберуге және сол жерде алдын ала сұхбаттасуға мүмкіндік алады.

Тіркеу уақыты сағат 9.30-да. Жұмыс берушілердің өтініштерін қабылдау үшін төмендегі поштаға almatytenbek@yandex.kz жіберуіңізді сұраймыз және осы +7 701 722-75-79. нөмірі бойынша хабарласыңыз.

Толығырақ ақпарат алу үшін Алматы қаласы еңбек мобильділігі орталығына, Достық даңғылы, 85 мекенжайы бойынша хабарласу қажет.

Тел.: +7 (727) 310-47-82, электрондық пошта: info@cz-almaty.kz

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ЕҢБЕК МОБИЛЬДІЛІГІ ОРТАЛЫҒЫ
ЦЕНТР ТРУДОВОЙ МОБИЛЬНОСТИ

ЖАЛПЫ ҚАЛАЛЫҚ
БОС ОРЫНДАР ЖӘРМӨҢКЕСІ

БАСТАЛУЫ
11:00

СӨРСЕНБІ
13 ҚЫРКҮЙЕК 2023

АЛМАТЫ
АРБАТ

CTM_ALMATY
ctm-almaty.kz
+7 727 310-47-82